

"Бәсекелестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 тамыздағы N 815 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Бәсекелестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Бәсекелестік туралы

Осы Заң бәсекелестікті қорғау, монополистік қызметті шектеу саласындағы қоғамдық қатынастарды және тұтынушылардың заңды құқықтарын қорғауды реттейді.

1 - БӨЛІМ

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тaraу. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңның мақсаты

1. Осы Заң нарық субъектілері мен тұтынушылар құқықтарын осы Заңда шектелген монополистік қызметтен, мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы іс-әрекетінен және жосықсыз бәсекеден қорғаудың құқықтық негіздерін айқындайды. Заң Қазақстан Республикасының тауар нарықтарындағы адал бәсекелестікті қолдауға және қолайлышағайдағы жағдай жасауға бағытталған.

2. Осы Заңның мақсаты бәсекелестікті қорғау, тауар нарықтарының тиімді жұмыс істеуі үшін жағдай жасау, экономикалық кеңістіктің бірлігін, тауарлардың еркін қозғалысын және Қазақстан Республикасындағы экономикалық қызметтің еркіндігін қамтамасыз ету болып табылады.

2-бап. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Заңның қолданылу аясы

1. Осы Занд Қазақстан Республикасының аумағында әрекет етеді және нарық субъектілері, тұтынушылар, сондай-ақ мемлекеттік органдар қатысатын Қазақстан Республикасының тауар нарығындағы бәсекелестікке ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін қатынастарға қолданылады.

2. Осы Зандың ережелері сондай-ақ, егер Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерде нарық субъектісі жасаған іс-әрекеттер нәтижесінде мынадай шарттардың бірі орындалса:

1) іс-әрекеттер Қазақстан Республикасының аумағындағы негізгі құралдарды және (немесе) материалдық емес активтерді, не акцияларды, нарық субъектілерінің жарғылық капиталына қатысу үлестерін, Қазақстан Республикасының занды тұлғаларына қатысты өзге де құқықтарды тікелей немесе жанама қозғайтын болса;

2) іс-әрекеттер Қазақстан Республикасында бәсекелестікті шектеуге әкелетін болса, осындай іс-әрекеттерге қолданылады.

4-бап. Бәсекелестік қағидаттары

Бәсекелестік мынадай қағидаттарға жауап беруі тиіс:

- 1) жарыстастық;
- 2) әділеттілік;
- 3) заңдылық;

4) тұтынушылар құқықтарын сактау.

5-бап. Бәсекелестік саласындағы мемлекеттік саясат

1. Бәсекелестік саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі өзірлейді және монополияға қарсы орган іске асырады.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар осы Зандда және Қазақстан Республикасының өзге де заннамалық актілерінде белгіленген өз құзыretі шегінде бәсекелестік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады.

3. Мемлекеттік органдар өз құзыretі шегінде бәсекелестіктің дамуына жәрдемдесуге және бәсекелестікке теріс ықпал ететін іс-әрекеттерді жасамауға міндетті

6-бап. Осы Зандда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Зандда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі занды тұлғалардың аффилиирленген тұлғалары - акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі занды тұлғаларға акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы тікелей не жанама түрде тиесілі болатын занды тұлғалар. Жанама тиесілілік әрбір келесі аффилиирленген тұлғаға өзге занды тұлғаның акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы тиесілі болатынын білдіреді;

2) бәсекелестік - нарық субъектілерінің дербес жасаған іс-әрекеттері тиісті тауар нарығындағы тауарлар айналымының жалпы жағдайына олардың әрқайсысының біржакты ықпал ету мүмкіндігін тиімді шектейтін жарыстастығы;

3) бірін-бірі алмастыратын тауарлар - өз функционалдық қызметі, қолданылуы, сапалық және техникалық сипаттамалары, бағасы, сондай-ақ басқа да өлшемдері бойынша салыстыруға болатын, сөйтіп, сатып алушы оларды тұтыну үдерісінде (өндірісте) бір-бірімен алмастыратын тауарлар тобы;

4) монополиялық жағдай - табиғи монополиялар, мемлекеттік монополиялар субъектілерінің, сондай-ақ тиісті тауар нарығында жүз пайыз үлеске ие нарық субъектілерінің жағдайы;

5) монополиялық кіріс - нарық субъектісінің осы Заңда шектелген монополистік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алған кірісі;

6) монополистік қызмет - нарық субъектілерінің жағдайы тиісті тауар нарығын бақылауға, оның ішінде тиісті тауар нарығындағы тауар айналымының жалпы жағдайына елеулі ықпал етуге мүмкіндік беретін қызметі;

7) монополияға қарсы орган - бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

8) нарық субъекті - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жеке және (немесе) заңды тұлғасы, сондай-ақ шетелдік заңды тұлға (оның филиалы мен өкілдігі);

9) реттелетін нарықтар - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бағаларға мемлекеттік реттеу енгізілген тауар нарықтары;

10) реттеуші орган - реттелетін нарықтарда бағаларды мемлекеттік реттеуді жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік орган;

11) тауар - азаматтық айналым объектісі болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер;

12) тауар нарығы - тұтынушының тауарды сатып алуға экономикалық, аумақтық және технологиялық мүмкіндігінен айқындалатын, тауардың немесе бірін-бірі алмастыратын тауарлардың айналым аясы;

13) сатушылар (өнім берушілер) - тауар өткізуши жеке және заңды тұлғалар;

14) тұтынушылар - тауарды өз мұқтаждары үшін сатып алатын жеке және заңды тұлғалар;

15) тергеу - осы Заңның бұзылуын растайтын фактілерді анықтауға, оларды тіркеуге және тиісті шешім қабылдауға бағытталған монополияға қарсы органның іс-шаралары;

16) тізілім - табиғи немесе мемлекеттік монополиялар жағдайындағы нарықтарды қоспағанда, тиісті тауар нарығында үstem немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің тізбесі;

17) ұзақ мерзімді келісім-шарт - шарттың өзгермейтін негізгі талаптары сақталған жағдайда бес жылға және одан да көп мерзімге жасалған тауар өткізуғе арналған шарт.

7-бап. Тұлғалар тобы

1. Өздеріне қатысты мынадай шарттардың бірі орындалса:

1) тұлғаның заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы дауыс беретін

акцияларының жиырма бес пайыздан астамына тікелей немесе жанама (үшінші тұлғалар арқылы) билік етуге құқығы болса;

2) занды тұлғаның немесе бірнеше аффилиирленген занды тұлғалардың басқа тұлға қабылдайтын шешімдерді шарт негізінде немесе өзгеше айқындауға, оның ішінде осы тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайын айқындауға не басқару органының өкілеттігін жүзеге асыруға мүмкіндігі болса;

3) жеке тұлға, оның жұбайы, жақын туыстары басқа тұлға қабылдайтын шешімдерді шарт негізінде немесе өзгеше айқындауға, оның ішінде осы тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайын айқындауға не басқару органы өкілеттігін жүзеге асыруға мүмкіндігі болса жеке және (немесе) занды тұлғалардың жынтығы тұлғалар тобы болып табады.

2. Тұлғалар тобы нарықтың біртұтас субъектісі ретінде қаралады. Осы Заңың нарық субъектілеріне қатысты ережелері тұлғалар тобына қолданылады.

2 - БӨЛІМ

МОНОПОЛИСТІК ҚЫЗМЕТ. ЖОСЫҚСЫЗ БӘСЕКЕ

2-тaraу. Монополистік қызмет

8-бап. Монополистік қызметтің түрлері

Осы Заңда шектелген монополистік қызметке:

- 1) нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісімдері;
- 2) нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттері;
- 3) үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану жатады.

9-бап. Бәсекелестікке қарсы келісімдер мен келісілген іс-әрекеттердің түрлері

1. Бәсекелестікке қарсы келісімдер мен келісілген іс әрекеттер түрлеріне мыналар жа та ды :

1 . көлбेу ;

2 . тік .

2. Көлбеу бәсекелестікке қарсы келісімдер немесе келісілген іс әрекеттер деп бір тауар нарығында бәсекелестер не әлеуетті бәсекелестер болып табылатын нарық субъектілерінің арасындағы келісімдер немесе келісілген іс әрекеттер түсініледі.

Тік бәсекелестікке қарсы келісімдер деп оның бірі тауарды сатып алатын немесе оның әлеуетті сатып алушысы болып табылатын, ал екіншісі тауар ұсынатын немесе оның әлеуетті сатушысы болып табылатын бәсекелес емес нарық субъектілері арасындағы келісім түсініледі.

10-бап. Бәсекелестікке қарсы келісімдер

1. Нарық субъектілерінің арасындағы кез келген нысанда қол жеткізілген, нәтижесінде бәсекелестікті шектейтін бәсекелестікке қарсы келісімдерге, оның ішінде:

- 1) тауарларды сатып алудың немесе өткізудің келісілген бағаларын не басқа жағдайларын белгілеуге және (немесе) ұстап тұруға;

2) оларды өткізудің белгіленген тәртібін бұзу нәтижесінде, оның ішінде бағаны көтеру, төмендегу немесе ұстап тұру, сондай-ақ лоттар бойынша бөлу жолымен сауда-саттықтар, аукциондар және конкурстар қорытындыларын бұрмалауға;

3) тауар нарықтарын аумақтық белгісі, тауарлардың түр-түрі, оларды өткізу немесе сатып алу көлемі бойынша, сатушылар немесе сатып алушылар тобы бойынша не басқа белгілер бойынша бөлүгө;

4) тауарларды өндіруді не өткізуді негіzsіз шектеуге;

5) белгілі бір сатушылармен не сатып алушылармен шарт жасасудан негіzsіз бастар туға не жалтаруға;

6) тауар нарығына кіруді шектеуге немесе одан белгілі бір тауарлардың сатушылары немесе олардың сатып алушылары ретінде нарықтың басқа субъектілерін ығыстыруға;

7) басқа нарық субъектілермен тең шарттарға кемсітетін жағдайлар қолдануға;

8) келісім-шарт жасаушы агенттердің өзінің мазмұны бойынша немесе іскерлік айналым дәстүріне сай осы шарттардың нысанасына қатысы жоқ қосымша міндеттемелер (қаржы қаражатын және өзге де мүлікті, мүліктік құқықтарды беруді және басқаларын негіzsіз талап ету) қабылдауы талабымен шарттар жасасуға қатысты бәсекелестікке қарсы келісімдерге тыйым салынады және олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен толығымен немесе ішінара жаралысыз деп танылады.

2. Нарық субъектілерінің экономикалық қызметін жеке және заңды тұлғалардың осы баптың 1-тармағында аталған салдарларға әкеп соқтыратын немесе әкеп соқтыруға қабілетті жағдайда үйлестіруіне тыйым салынады.

3. Егер, олар тұтынушилардың мұдделеріне қысым жасамаған және:

1) тауар нарығындағы олардың жиынтық үлесі он бес пайыздан аспаған;
2) озық және (немесе) ресурс сактаушы технологияларды енгізу жолымен өндірісті жетілдіруге бағытталған;

3) шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған;

4) стандарттау жөніндегі біріздендірілген нормативтік құжаттарды әзірлеуге және қолдануға бағытталған жағдайда нарық субъектілерінің арасындағы келісімдерге жол беріледі.

4. Осы бапта көзделген шектеулер:

- 1) лицензиялық шарттар;
- 2) кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) шарттары;
- 3) технологияларды беруге байланысты шарттар;
- 4) ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарындағы коопeração турали шарттар;
- 5) зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды беруге байланысты өзге де шарттар;

6) бір тұлғалар тобы ішіндегі шарттар мен іс әрекеттер;

7) ұзақ мерзімді келісім-шарт бойынша келісімдерге қолданылмайды.

5. Бәсекелестікке қарсы келісімдер көлбей және тік болуы мүмкін.

11-бап. Нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттері

1. Нарық субъектілерінің бәсекелестікті шектеуге бағытталған, оның ішінде:

1) тауарларды сатып алу немесе өткізу бағаларын не басқа жағдайларын белгілеуге және (немесе) ұстап тұруға;

2) тауарларды өндіруді не өткізуді негіzsіз шектеуге;

3) белгілі бір сатушылармен не сатып алушылармен шарт жасасудан негіzsіз баста ртуға;

4) басқа субъектілермен тең шарттарға кемсітетін жағдайлар қолдануға қатысты келісілген іс-әрекеттеріне тыйым салынады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген нарық субъектілерінің іс-әрекеттері, егер, жиһнұттығында олар мыйнадай:

1) нарық субъектілерінің үш ай мерзім ішінде жасалған, және нәтижесінде нарық субъектілерінің әрқайсысы келісілген іс-әрекеттердің болмауы нәтижесінде көзделмеген пайда алған, жарыспалы (қосарлы) іс-әрекеттері;

2) нарық субъектілерінің іс-әрекеттері олардың әрқайсысына алдын ала мәлім;

3) көрсетілген нарық субъектілерінің әрқайсысының іс-әрекеттері осы нарық субъектілеріне тең дәрежеде әсер ететін жағдайлардың салдары болып табылмаған шарттарды қанағаттандыrsa, келісілген болып танылуы мүмкін.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген нарық субъектілерінің іс-әрекеттері жазбаша келісімнің бар болуына қарамастан келісілген болып танылады.

4. Егер келісілген іс-әрекеттер бір тұлғалар тобына кіретін немесе тауар нарығындағы жиынтық үлесі он бес пайыздан аспайтын нарық субъектілерімен жасалса, егер осы іс-әрекеттер тұтынушылардың занды құқықтарына қысым жасамаса және мыйнадай:

1) озық технологияларды енгізу жолымен өндірісті жетілдіруге;

2) шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға;

3) стандарттау жөніндегі біріздендірілген техникалық нормативтік құжаттарды әзірлеуге және қолдануға бағытталса, оларға жол беріледі.

5. Бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттер көлбей болуы мүмкін.

12-бап. Үстем немесе монополиялық жағдай

1. Тиісті тауар нарығындағы нарық субъектісінің немесе бірнеше нарық субъектілерінің нарық субъектісіне немесе бірнеше нарық субъектілеріне тиісті тауар нарығын бақылауға, оның ішінде тауар айналымының жалпы жағдайына шешуші ықпал етуге мүмкіндік беретін жағдайы үстем немесе монополиялық жағдай болып танылады.

2. Тиісті тауар нарығындағы үлесі отыз бес және одан да көп пайызды құрайтын нарық субъектісінің жағдайы үстем жағдай болып танылады.

3 . Е г е р :

1) тиісті тауар нарығындағы өздеріне неғұрлым көп үлес тиесілі үштен аспайтын нарық субъектісінің жиынтық үлесі елу және одан көп пайызды құраса;

2) тиісті тауар нарығындағы өздеріне неғұрлым көп үлес тиесілі төрттен аспайтын нарық субъектісінің жиынтық үлесі жетпіс және одан көп пайызды құрайтын бірнеше нарық субъектілерінің әрқайсысының жағдайы үстем жағдай болып танылады.

4 . Е г е р :

1) қаржы қызметтерінің тиісті нарығындағы өздеріне неғұрлым көп үлес тиесілі екіден аспайтын қаржы ұйымдарының жиынтық үлесі елу және одан көп пайызды құраса ;

2) қаржы қызметтерінің тиісті нарығындағы өздеріне неғұрлым көп үлес тиесілі үштен аспайтын қаржы ұйымдарының жиынтық үлесі жетпіс және одан көп пайызды құраса, қаржы ұйымдарының жағдайы үстем жағдай болып танылады.

5. Тиісті тауар нарығындағы, оның ішінде қаржы қызметтерінің нарығындағы үлесі он бес пайыздан аспайтын нарық субъектісінің жағдайы үстем жағдай болып танылмайды .

6. Табиғи монополиялар, мемлекеттік монополиялар субъектілерінің, сондай-ақ тиісті тауар нарығында жүз пайыз үстем үлеске ие тауар нарығы субъектілерінің жағдайы монополиялық жағдай болып танылады.

13-бап. Үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану

Үстем жағдайға немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің тиісті тауар нарығына кіруін шектеуге, бәсекелестікті болдырмауға, шектеуге және жоюға әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін және (немесе) тұтынушылардың занды мұдделеріне қысым жасайтын іс-әрекеттеріне немесе әрекетсіздіктеріне, оның ішінде:

1) монополиялық жоғары (төмен) немесе монопсониялық төмен бағаларды белгілеу, ү с т а п т ұ р у ;

2) нарық субъектілерімен жасалған бірдей келісімдерге объективті негізделмеген себептермен әртүрлі бағалар не әртүрлі шарттар қолдану;

3) өзінен сатып алған тауарларды қайта сатуға аумақтық белгілер, сатып алушылар тобы, сатып алу шарттары, сондай-ақ саны, бағасы бойынша шектеулер белгілеу ;

4) келісім жасауға нарық субъектісіне өз мазмұны бойынша немесе іскерлік айналым дәстүріне сай осы келісімдердің мәніне қатысы жоқ қосымша міндеттемелер қабылдату жолымен себеп табу не күштеп тану;

5) тиісті тауарды өндіру немесе өткізу мүмкіндігі бола тұрып жекелеген сатып алушылармен шарт жасасудан негізсіз бас тарту не осындаш шарт жасасуда бір айдан

аспайтын мерзімде жауап ұсынбаудан көрінген жалтару;

6) тауарлар ұсынуды бәсекелестер өндіретін не өткізетін тауарларды сатып алу кезінде шектеулер қабылдаумен себептестіру;

7) тұтынушылардың сұраныстары немесе тапсырыстары бар тауарларды өндіру немесе жеткізу мүмкіндігі бола тұрып, өндіру және (немесе) жеткізу көлемін негізсіз қысқарту немесе өндіруді және (немесе) жеткізуді тоқтату сияқты іс-әрекеттеріне тыйым салынады.

14-бап. Монополиялық жоғары (төмен) баға

1. Үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі белгілеген баға, егер:

1) осы баға нақ сол тауар нарығында бәсекелестік жағдайында үстем жағдайға ие нарық субъектісімен бір тұлғалар тобына кірмейтін нарық субъектісі белгілейтін ең жоғары бағадан ассаса;

2) осы баға осындай тауарды өндіру және өткізу үшін қажет шығындар мен кірістер сомасынан ассаса, тауардың монополиялық жоғары бағасы болып табылады.

2. Салыстырмалы тауар нарығы деп сатылатын тауар көлемі, тауарды сатып алу немесе сату мақсаттарынан шыға отырып айқындалатын, тауарды сатып алушылар немесе сатушылар құрамы, және тауар нарығына шығу шарттары бойынша салыстырылатын басқа тауар нарығы түсініледі.

Егер, нақ сол тауар нарығындағы бағаны салыстыру мүмкін болмаған жағдайда, салыстырмалы тауар нарығындағы, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі тауар бағасымен салыстыру жүргізіледі.

3. Егер, тауар бағасы осы баптың 1-тармағында көрсетілген өлшемдердің ең болмаса біреуіне сәйкес келмесе, ол монополиялық жоғары болып танылмайды. Реттеуші органның Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес нарық субъектісіне белгілеген тауар бағасы монополиялық жоғары болып танылмайды.

4. Үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі белгілеген баға, егер:

1) осы баға нақ сол тауар нарығында үстем жағдайға ие нарық субъектісімен бір тұлғалар тобына кірмейтін нарық субъектісі белгілейтін бағадан төмен болса;

2) осы баға осындай тауарды өндіруге және өткізуге қажет нақты шығындар сомасынан төмен болса, тауардың монополиялық төмен бағасы болып табылады.

5. Егер, тауар бағасы осы баптың 4-тармағында көрсетілген өлшемдердің ең болмаса біреуіне сәйкес келмесе, ол монополиялық төмен болып танылмайды. Реттеуші орган нарық субъектісіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгілеген тауар бағасы монополиялық төмен болып танылмайды.

6. Монополияға қарсы орган монополиялық жоғары (төмен) бағаны анықтау жөніндегі әдістемені бекітеді.

15-бап. Монопсониялық жағдай және монопсониялық төмен баға

1. Сатып алушы ретінде үстем немесе монополиялық жағдайға ие, тиісті тауар нарығындағы үлесі жетпіс және одан көп пайызды құрайтын нарық субъектісінің

жағдайы монополиялық жағдай болып танылады.

2. Монопсониялық жағдайға ие нарық субъектісі тауарды сатып алатын тауар бағасы , егер:

1) осы баға монопсониялық жағдайға ие нарық субъектісіне оған тауар өткізетін нарық субъектілері есебінен өндіріс және (немесе) өткізу шығындарын төмендету жолымен қосымша кіріс алуға мүмкіндік берсе;

2) осы баға осындай тауарды өндіру мен өткізуге тауар өткізуші нарық субъектісіне қажет шығындар мен пайда сомасынан төмен болса, монопсониялық төмен баға болып табылады .

3. Егер, тауар бағасы осы баптың 2-тармағында көрсетілген өлшемдердің ең болмаса біреуіне сәйкес келмесе, ол монопсониялық төмен болып танылмайды.

4. Монополияға қарсы орган монопсониялық төмен бағаны анықтау жөніндегі әдістемені бекітеді.

3-тaraу. Жосықсыз бәсеке

16-бап. Жосықсыз бәсеке

1. Заңсыз артықшылықтарға қол жеткізуге немесе ұсынуға бағытталған, сондай-ақ тұтынушылардың заңды құқықтарын бұзатын бәсекелестіктегі кез келген іс-әрекет жосықсыз бәсеке болып табылады. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады.

2. Жосықсыз бәсекеге мынадай іс-әрекеттер жатады:

1) тауар таңбаларын, буып-түюді заңсыз пайдалану;

2) басқа өндірушінің тауарын заңсыз пайдалану;

3) бұйымның сыртқы түрін кешіріп алу;

4) нарық субъектісін кемсіту;

5) көрінеу жалған, жосықсыз және дәйексіз жарнама;

6) мәжбүрлі ассортиментпен тауар өткізу;

7) сатушыны мансұқтауға шақыру;

8) сатып алушыны (өнім берушіні) кемсітуге шақыру;

9) нарық субъектісін бәсекелеспен шартты бұзуға шақыру;

10) өнім берушінің қызметкерін сатып алу;

11) сатып алушының қызметкерін сатып алу;

12) коммерциялық қупияны құрайтын ақпаратты заңсыз пайдалану.

17-бап. Тауар таңбаларын, буып-түюді заңсыз пайдалану

Кәсіпкердің фирмалық атауын, тауар шығарылған жердің атауын, тауар таңбасын, қызмет көрсету белгісін және (немесе) өзге де коммерциялық белгілеуін заңсыз пайдалану, сондай-ақ құқық иеленушінің немесе оған уәкілетті тұлғаның рұқсатынсыз фирмалық атауын, тауар таңбалануын, басқа да коммерциялық белгілеуін, тауар шығарылатын жерді заңсыз пайдалану немесе өндіру сипатына, тәсіліне және жеріне,

тұтынушылық ерекшеліктеріне, тауардың сапасы мен санына қатысты немесе оны өндірушілерге қатысты тұтынушыны жаңылыстыруы мүмкін буып-түюді пайдалану тауар таңбаларын, буып-түюді заңсыз пайдалану болып табылады.

18-бап. Басқа өндірушінің тауарын заңсыз пайдалану

Үәкілетті тұлғаның рұқсатынсыз өндірушінің белгілерін өзгерту не алу жолымен басқа өндірушінің тауарын өз белгісімен шаруашылық айналымға енгізу басқа өндірушінің тауарын заңсыз пайдалану болып табылады.

19-бап. Бұйымның сыртқы түрін көшіріп алу

Басқа нарық субъектісі бұйымның сыртқы түрін жасау және оны тауар өндірушіге қатысты тұтынушыны жаңылыстыруға әкеп соқтыруы мүмкін шаруашылық айналымға енгізу бұйымның сыртқы түрін көшіріп алу болып табылады.

Егер мұндай көшіру олардың функционалдық қолдануларына ғана негізделсе, бұйымның сыртқы түрін немесе оның бөліктерін көшіру заңсыз болып танылмайды.

20-бап. Нарық субъектісін кемсіту

Нарық субъектісінің қызметіне байланысты көрінеу жалған, дәйексіз мәліметтерді кез келген нысанда тарату нарық субъектісін кемсіту болып табылады.

21-бап. Көрінеу жалған, жосықсыз және дәйексіз жарнама

Жосықсыз, дәйексіз және көрінеу жалған жарнамалар белгілері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.

22-бап. Мәжбүрлі ассортиментпен тауар өткізу

Тауарды өткізу кезінде тұтынушының құқығына қысым жасайтын және өзінің мазмұны бойынша немесе іскерлік айналым дәстүріне сай осы шарттардың нысанасына қатысы жоқ қосымша талаптар немесе шарттар белгілеу бойынша сатушының кез келген іс-әрекеті мәжбүрлі ассортиментпен тауар өткізу болып табылады.

23-бап. Сатушыны мансұқтауға шақыру

Бәсекелестің тікелей немесе делдал арқылы ұйымдастырған, сатып алушылардың сатушымен шарттық қатынастарды белгілеуден немесе оның тауарларынан бас тартуға бағытталған іс-әрекеттері сатушыны немесе оның тауарын мансұқтауға шақыруы болып табылады.

24-бап. Сатып алушыны (өнім берушіні) кемсітуге шақыру

Сатып алушы (өнім беруші) бәсекелесінің тікелей немесе делдал арқылы өнім берушіні (сатып алушыны) шарт жасасудан немесе тең мағыналы шарттар бойынша өзге де сатып алушыларға (өнім берушілерге) кемсітушілік шарттар қолданудан бас тартуға көндіруге бағытталған іс-әрекеттері сатып алушыны (өнім берушіні) кемсітуге шақыру болып табылады.

25-бап. Бәсекелеспен шартты бұзуга шақыру

Шартқа қатысушы басқа нарық субъектісін тікелей немесе делдал арқылы материалдық сыйақы, басқа артықшылықтар беру немесе ұсыну жолымен бәсекелес алдында шарттық міндеттемелерді орындауда немесе тиісінше орындауда немесе

нарық субъектісінің қызметін жүзеге асыруына негізсіз кедергі келтіру арқылы бәсекелесімен шарттық қатынастарды ұзуге бағытталған іс-әрекеті нарық субъектісін бәсекелеспен шартты бұзуға шақыру болып табылады.

26-бап. Өнім берушінің қызметкерін сатып алу

Сатып алушы бәсекелесінің тікелей немесе делдал арқылы өнім беруші қызметкерінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындауы немесе орындауы үшін, мүлік және мүліктік емес игіліктерді беруі, бұл сатып алушы бәсекелесінің сатып алушы алдында белгілі бір артықшылықтарды алуға және (немесе) сатып алушыны залалға әкеп соққан немесе әкелуі мүмкін болса, өнім берушінің қызметкерін сатып алу болып табылады.

27-бап. Сатып алушының қызметкерін сатып алу

Өнім беруші бәсекелесінің тікелей немесе делдал арқылы сатып алушы қызметкерінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындауы немесе орындауы үшін, мүлік және мүліктік емес игіліктерді беруі, бұл өнім беруші бәсекелесінің өнім беруші алдында белгілі бір артықшылықтарды алуға және (немесе) өнім берушіні залалға әкеп соққан немесе әкелуі мүмкін болса, сатып алушының қызметкерін сатып алу болып табылады.

28-бап. Коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты заңсыз пайдалану

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді құқық иесінің рұқсатынсыз пайдалану коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты заңсыз пайдалану болып табылады.

З - Б О Л И М .

БӘСЕКЕЛЕСТІК САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

4-тaraу. Кәсіпкерлік қызметке мемлекеттік қатысу

29-бап. Мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысу қағидаттары

- | | |
|-----|-------------------------|
| 1 . | М ы на л а р : |
| 1) | заң ды лы қ ; |
| 2) | н е г і з д і л і к ; |
| 3) | ш е к т е у л і л і к ; |

4) жарысқа қабілетсіздік мемлекеттің бәсекелестік саласына қатысу қағидаттары болып табылады.

30-бап. Мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуы

Мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуы мынадай жолмен жүзеге асырылады:

- 1) мемлекеттік кәсіпорындар құру;
- 2) занды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу.

31-бап. Мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуының негіздемелері

1. Мемлекеттың мұндағы:

1) мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, қорғаныс қабілетін немесе қоғам мұддесін қорғауды қамтамасыз етудің басқа мүмкіндігінің болмауы;

2) мемлекеттік меншіктегі стратегиялық объектілерді пайдалану;

3) қоғамдық өндірістің бәсекелестік жоқ немесе бәсекелестік жеткіліксіз дамыған салаларында тауарлар өндірісіне қоғамдық қажеттіліктің болуы жағдайларында қоғам мен мемлекеттің қажетіне қарай айқындалатын әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу мақсатында кәсіпкерлік қызметке қатысады.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылатын жағдайларды қоспағанда, өз қызметтерін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын, акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, заңды тұлғаларды және олармен аффилиирленген тұлғаларды құру немесе мұндай құру Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделетін болса, монополияға қарсы органның алдын ала келісімімен жүзеге асырылады.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайда мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаны және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын олармен аффилиирленген тұлғаларды құру туралы шешім қабылдайтын орган монополияға қарсы органға негізделген материалдарды монополияға қарсы орган белгілеген нысан бойынша бере отырып, мұндай құру туралы өтініш береді.

Монополияға қарсы орган өтініш келіп түскен сэттен бастап күнтізбелік 60 күн ішінде өтініш берушіге келісу немесе мұндай келісімді беруден бас тарту туралы негізделген шешімді жіберуге міндетті.

Өтінішті қарау барысында монополияға қарсы орган шешім қабылдау үшін қажетті қосымша ақпаратты сұратуға құқылы. Қосымша ақпарат ұсыну кезеңінде өтінішті қарау мерзімі тоқтатыла тұрады, бұл туралы монополияға қарсы орган өтініш берушіге хабарлауға міндетті.

4. Монополияға қарсы орган, егер мұндай құру бәсекелестікті шектеуге алып келетін болса, мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаны және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын олармен аффилиирленген заңды тұлғаларды құруға келісім беруден бас тартады.

5. Монополияға қарсы органның мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаны және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын олармен аффилиирленген заңды тұлғаларды құруға келісім беру туралы шешімі өтініш берушінің мұндай құрудың бәсекелестікке теріс әсерін жоятын немесе жұмсартатын

белгілі талаптар мен міндеттемелерді орындауымен байланыстырылуы мүмкін.

6. Мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (ұлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаны және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын олармен аффилиирленген заңды тұлғаларды монополияға қарсы органның алдын ала келісімінсіз құру монополияға қарсы органның талабы бойынша сот тәртібімен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

7. Осы баптың 2, 3, 4, 5, 6-тармақтарының талаптары осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайға ғана қолданылады.

32-бап. Мемлекеттік монополия

1. Мемлекет қызметтің бәсекелес нарықта тауарларды өткізу конституциялық құрылыш, ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіпті қорғау, адамның құқықтары мен бостандықтары, халықтың денсаулығы жағдайына теріс әсер етуі мүмкін салаларында тауарды өндіруге және (немесе) сатуға, сатып алуға немесе оларды пайдалануға мемлекеттің айрықша құқығын заңмен бекіту жолымен бәсекелестікті шектеуге

құқылыш.

2. Айрықша құқықты іске асыру мемлекеттік монополия субъектісін құру жолымен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша жергілікті атқарушы орган құрған мемлекеттік кәсіпорын ғана мемлекеттік монополия субъектісі бола алады.

3. Мемлекеттік монополия субъектісіне:

1) тауарларды өндірумен технологиялық байланысты қызметті қоспағанда, мемлекеттік монополия саласына жатпайтын тауарлар өндіруге;

2) акцияларды немесе жарғылық капиталға қатысу ұлестерін иеленуге, сондай-ақ заңды тұлғалардың қызметіне өзгедей түрмен қатысуға;

3) мемлекеттік монополиямен байланысты құқықтарды қайта беруге тыйым салынады.

4. Мемлекеттік монополиялар субъектілерінің қызметтерін мемлекеттік реттеу Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік монополияны енгізген кезде мынадай шарттар сақталады:

1) нарық субъектілері осы шешім туралы оны қолданысқа енгізгенге дейін кемінде алты ай бұрын хабардар етілуі тиіс.

2) бұрын өндірумен, сатумен айналысқан немесе алты ай мерзім ішінде осы тауарды пайдаланған нарық субъектілері орындау мерзімі жоғарыда көрсетілген мерзімнен асатын мәмілелер жасауды қоспағанда, осы тауарды өткізуді жүзеге асыруға құқылы.

6-тарау. Мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттері

33-бап. Мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттері

1. Мұндай іс-әрекеттер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін актілер не шешімдер, жазбаша немесе ауызша нұсқаулар қабылдау, келісімдер жасасу немесе өзге де іс-әрекеттерді жасаудан көрінетін мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тыйым салынады және толықтай немесе ішінара жарапсыз деп саналады.

2. Мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттері, оның ішінде:

1) қызметтің қандай да бір саласында нарық субъектісінің құрылуына қатысты шектеулөр енгізу;

2) нарық субъектісіне қызметтің жүзеге асыруына негіzsіз кедергі келтіру;

3) тауарлардың еркін қозғалысына қатысты тыйым салуды белгілеу немесе шектеулөр, нарық субъектілерінің тауарларды өткізу құқықтарына өзге де шектеулөр енгізу;

4) нарық субъектісіне сатып алушылардың белгілі бір санаты үшін тауарларды бірінші кезекте жеткізулер, не белгілі бір сатушылардан тауарларды бірінші кезекте сатып алу туралы немесе басымдық тәртіппен шарттар жасасу туралы нұсқаулар;

5) тауарларды сатып алушылар үшін мұндай тауарларды ұсынатын нарық субъектілерін таңдауына шектеулөр белгілеу;

6) бағаларды көтеруге, төмендетуге немесе ұстап тұруға бағытталған іс-әрекеттер;

7) тауар нарығын аумақтық қағидаты, тауарларды сату немесе сатып алу көлемі, өткізілетін тауарлардың түр-түрі бойынша не сатушылар немесе сатып алушылар құрамы бойынша бөлуге бағытталған іс-әрекеттер;

8) тауар нарығына қол жеткізуді, тауар нарығынан шығуды шектеу немесе одан нарық субъектілерін ығыстыру;

9) нарықтың жекелеген субъектілеріне оларды бәсекелестерге қатысты артықшылық жағдайға қоятын жеңілдіктер немесе басқа да артықшылықтар беру немесе бәсекелестермен салыстырғанда қызметте қолайсыз немесе кемсітушілік жағдайлар жасау болып танылады.

34-бап. Мемлекеттік көмек

1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының нарық субъектілеріне осы Занда көзделген мақсаттарда басқа нарық субъектілерімен салыстырғанда нарықтың жекелеген субъектілеріне тиісті тауар нарығында кәсіпкерлік қызметті жүргізуін ғылыми зерттеулөр жүргізуін өткізуі мүлік және (немесе) ақша қаражатын беруі мемлекеттік көмек болып табылады.

Мемлекеттік көмек мынадай мақсаттарда ұсынылады:

- 1) іргелі немесе қолданбалы ғылыми зерттеулөр жүргізу;
- 2) ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру;
- 3) шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау.

1) Қазақстан Республикасы заңдарының, оның ішінде тиісті қаржы жылына арналған бюджет туралы заңның ережесіне сәйкес нарық субъектісіне артықшылықтар б е р у ;

2) өткізілген мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша төлемді жүзеге асыру;

3) шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында мемлекеттік мүлікті нарық субъектілеріне бекітіп беру мемлекеттік көмек болып табылмайды.

35-бап. Мемлекеттік көмек берудің тәртібі

1. Мемлекеттік органдардың мемлекеттік көмек беруі Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүргізілген іріктеу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

2. Иріктеу нәтижелері бойынша нарық субъектісіне мемлекеттік көмек беруді жоспарлаған мемлекеттік органдар мұндай көмек беруге келісім беру туралы өтінішті монополияға қарсы органға жібереді. Өтінішке:

1) мұндай көмекті берудің мақсаты мен көлемі көрсетіле отырып, мемлекеттік көмек беру көзделетін дәлелді қорытындымен шешім жобасы;

2) өтінішті беру жылы алдындағы қаржы жылы үшін, сондай-ақ уақытша кезеңді көрсете отырып, жыл басынан бергі ағымдағы кезеңі үшін өзіне қатысты мемлекеттік көмек беруге ниеті бар нарық субъектісінің қызметі түрлерінің тізбесі, өндірген және (немесе) өткізген өнім түрлерінің атаулары, өнім көлемі;

3) өтініш беру күні алдындағы соңғы есепті күнгі жағдайы бойынша өзіне қатысты мемлекеттік көмек беруге ниеті бар нарық субъектісінің бухгалтерлік теңгерімі не егер нарық субъектісі салық органдарына бухгалтерлік теңгерімді ұсынбайтын болса, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген өзге де құжаттамалар;

4) өзіне қатысты мемлекеттік көмек беруге ниеті бар нарық субъектісімен бір тұлғалар тобына кіретін тұлғалардың тізбесі қоса беріледі.

3. Монополияға қарсы орган ұсынылған өтініш пен құжаттарды қарайды және өтініш пен құжаттарды алған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде осындай өтініш бойынша шешім қабылдайды.

4. Монополияға қарсы орган өтінішті қараған кезде мемлекеттік органдан және мемлекеттік көмек беруге ниеті бар нарық субъектісінен өтінішті қарау үшін қажетті қосымша ақпаратты сұратуға құқылы.

Егер монополияға қарсы орган өтінішті қараған кезде мемлекеттік көмектің бәсекелестіктің дамуына әсер етуінің салдары туралы қосымша талдаудың қажеттілігі туралы шешім қабылдаса, монополияға қарсы орган өтінішті қарау мерзімін ұзартуға құқылы. Өтінішті қарау мерзімі екі айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Монополияға қарсы орган мұндай шешімнің қабылданғаны туралы мемлекеттік көмек беру жоспарланып отырған мемлекеттік орган мен нарық субъектісін үш күн ішінде х а б а р д а р е т у г е т и і с .

5. Монополияға қарсы орган мемлекеттік көмек беруге келісім беру туралы өтінішті

қарау нәтижелері бойынша мынадай:

1) егер ол бәсекелестікті жоюға немесе жол бермеуге әкеп соқпайтын болса, мемлекеттік көмек беруге келісім беру туралы;

2) осы Заңның 34-бабының 1-тармағында көрсетілген мақсаттарға сәйкес келмейтін немесе оны ұсыну бәсекелестікті жоюға немесе шектеуге әкеп соғатын мемлекеттік көмекке келісім беруден бас тарту туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

6. Монополияға қарсы органның мемлекеттік көмек беруге келісім беру туралы шешімі мемлекеттік көмек алатын нарық субъектісінің мемлекеттік көмек беру нәтижесінде туындайтын бәсекелестікке теріс әсерін жоятын немесе жұмсартатын белгілі шектеулерді орындауымен байланыстырылуы мүмкін. Мыналар:

1) мемлекеттік көмек берілуі мүмкін нарық субъектілерінің тобы;

2) мемлекеттік көмек берудің нақты мақсаттары;

3) бәсекелестіктің жай-күйіне әсер етуі мүмкін өзге де жағдайлар шектеулер болып та б ы л у ы м ү м к і н .

7. Егер монополияға қарсы орган өтінішті қарау нәтижелері бойынша осы баптың 6-тармағында көзделген шешімді қабылдаған жағдайда, мемлекеттік көмек беру жоспарланып отырған нарық субъектісі шектеулерді сақтауды растайтын құжаттарды мемлекеттік көмек берілген күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде монополияға қарсы органға ұсынуға міндетті.

36-бап. Мемлекеттік көмек беру және оны пайдалану кезінде осы Заң талаптарының бұзылу салдарлары

1. Егер мемлекеттік көмек монополияға қарсы органның алдын ала келісімінсіз берілсе, нәтижесінде бәсекелестікті шектеу немесе жою болса, сондай-ақ осы Заңның 34-бабының 1-тармағында көрсетілген мақсаттарға сәйкес келмейтін мемлекеттік көмек беру туралы шешімді монополияға қарсы органның талап қоюы бойынша сот толығымен немесе ішінара жарамсыз деп тануы мүмкін.

2. Егер нарық субъектісі осы Заңның 35-бабының 6-тармағында көзделген мемлекеттік көмек берудің шектеулерін бұзуға бағытталған іс-әрекеттер жасаған жағдайда және нәтижесінде бәсекелестікті жою немесе шектеу болса, мемлекеттік көмек беру туралы шешімді монополияға қарсы органның талап қоюы бойынша сот жарапсыз деп тануы мүмкін .

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда нарық субъектісі егер сот шешімінде өзгеше көзделмесе, бір жыл ішінде алған мемлекеттік көмекті қайтаруға, сондай-ақ мемлекеттік көмекті берумен байланысты мемлекеттік органның шығындарының орнын толтыруға міндетті.

7-тaraу. Монополияға қарсы орган

37-бап. Монополияға қарсы органның жүйесі

1. Монополияға қарсы органның біртұтас жүйесін орталық мемлекеттік орган және оған бағынысты аумақтық бөлімшелер құрайды.

2. Аумақтық бөлімшелер өзінің қызметін орталық мемлекеттік орган белгілеген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады.

38-бап. Монополияға қарсы органның міндеттері

Монополияға қарсы органның міндеттері:

1) адал бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу;

2) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының құқық бұзушылықтарын болдырмау, алдын алу, анықтау, ашу және тергеу, жолын кесу;

3) экономикалық шоғырлануға бақылау;

4) бәсекелестікті шектейтін нарық субъектілерін монополиясыздандыру болып табылады.

39-бап. Монополияға қарсы органның құзыреті

1. Монополияға қарсы орган:

1) мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асады;

2) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

3) монополияға қарсы органның құзыреті мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтасықты жүзеге асады;

4) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асады;

5) мемлекеттік органдардың бәсекелестікті шектеуге және (немесе) жоюға бағытталған актілерінің, іс-әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) жолын кеседі;

6) экономикалық шоғырлануға бақылауды жүзеге асырады;

7) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасында көзделген бұзушылықтарды қоспағанда, тиісті тауар нарығында үstem немесе монополиялық жағдайды теріс пайдаланудың алдын алады және жояды;

8) нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісімдерін және келісілген іс-әрекеттерін, жосықсыз бәсекені болдырмайды және олардың жолын кеседі;

9) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде шараларды әзірлеуді;

10) бәсекелестікті дамыту, монополистік қызметті шектеу, және тауар нарықтарының жұмыс істеуі салаларында нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және келіседі;

11) тауар нарығындағы бәсекелес ортаның жай-күйін талдау мен бағалауды жүзеге асады;

12) тиісті тауар нарығында үstem немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің қызметін талдауды және мониторингін жүзеге асырады;

13) тізілімді жүргізеді;

14) бірін-бірі алмастыратын тауарлардың өлшемдерін, оларды сатып алуға қол жеткізуді, сондай-ақ тауар нарығының шекараларын айқындай отырып, тауар нарығындағы бәсекелес ортаның жай-күйіне таңдау және бағалау жүргізу әдістемесін, ал қаржы ұйымдарына қатысты - қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның келісімі бойынша бекітеді;

15) тауарларын реттелетін нарықтарда өткізетін нарық субъектілерін қоспағанда, үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі белгілеген монополиялық жоғары (төмен), монопсониялық төмен бағаларды айқындайды;

16) монополиялық жоғары (төмен) және монопсониялық төмен бағаларды анықтау жөніндегі әдістемені бекітеді;

17) нарық субъектілері мен мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзы фактілері бойынша осы Занда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен тергеу жүргізеді;

18) осы Занда көзделген өкілеттігінің жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдардан, оның ішінде статистика органдарынан, салық және кеден органдарынан, нарық субъектілерінен, сондай-ақ лауазымды және өзге де жеке және занды тұлғалардан қажетті ақпаратты, оның ішінде коммерциялық және өзге де занмен қорғалатын мәліметтерді сұратады және алады;

19) нарық субъектілеріне:

осы Занды бұзушылықтарды тоқтату және (немесе) оның салдарын жою;
бастапқы жағдайды қалпына келтіру;

осы Заңға қайши келетін шарттарды бұзы немесе өзгерту;
өзге де нарық субъектісімен шарт жасасу туралы орындалуға міндетті нұсқамалар енгізеді;

20) мемлекеттік органдарға өздері қабылдаған актілерді жою немесе өзгерту туралы, бұзушылықтарды тоқтату, сондай-ақ осы Заңға қайши өздері жасаған келісімдерді бұзы немесе өзгерту туралы орындалуға міндетті нұсқамалар енгізеді;

21) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік жазалар қолданады;

22) сотқа талап қойып және арыз айтып жүгінеді, сондай-ақ соттар Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының қолданылуы мен бұзылуына байланысты істерді қараған кезде процестерге қатысады;

23) Қазақстан Республикасының Үкіметіне реттеуші органдармен бірлесіп, тауар нарығын реттелетін нарықтарға жатқызу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

24) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуына байланысты қылмыс белгілері бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін құқық қорғау органдарына материалдар жібереді;

25) мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының тауар нарықтарында

бәсекелестікті қорғауға және дамытуға бағытталған іс-шаралар өткізу жөнінде
ұсынымдар береді.

26) жыл сайын 1 маусымнан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Қазақстан Республикасының Үкіметіне жекелеген тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйі және монополистік қызметті шектеу бойынша қабылданатын шаралар туралы жылдық есепті жібереді.

40-бап. Монополияға қарсы органның басқармасы

1. Монополияға қарсы органның алқалы басқару органы монополияға қарсы органның басшысы болып табылатын, Төраға басқаратын Басқарма болып табылады.

2. Басқарманың құзыреті Монополияға қарсы орган туралы ережеде белгіленеді.

3. Басқарма бес адамнан тұрады.

Басқарманың құрамына монополияға қарсы органның басшысы, оның орынбасарлары және Қазақстан Республикасының Үкіметінен екі өкіл кіреді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінен Басқарманың мүшелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындауды және босатады.

41-бап. Монополияға қарсы орган қызметкерлерінің құқықтары

Монополияға қарсы органның қызметкерлері өзінің қызметтік міндеттерін атқарған, оның ішінде Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуы туралы өтініштерді қараған, монополияға қарсы заңнаманың бұзылуы туралы істі тергеген, экономикалық шоғырлануға бақылауды жүзеге асырған және бәсекелестік деңгейінің жай-күйін айқындаған кезде, өздеріне жүктелген өкілеттіктерге сәйкес қызметтік куәліктерін және Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының сақталуына тергеу жүргізу туралы монополияға қарсы орган басшысының шешімін көрсеткен кезде:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік органдар мен нарық субъектілерінің үй-жайлары мен аумақтарына кедергісіз кіруге;

2) мемлекеттік органдардан, нарық субъектілерінен, сондай-ақ лауазымды және өзге жеке және заңды тұлғалардан ақпарат, оның ішінде жол берілген Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзушылықтарына орай жазбаша және (немесе) ауызша түсінкемелер сұратуға және алуға құқылы.

42-бап. Коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды сақтау бойынша монополияға қарсы орган қызметкерлерінің міндеті

1. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын, монополияға қарсы орган өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алған ақпарат таратылмауға тиіс.

2. Коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын

ақпараттарды жария еткені үшін монополияға қарсы органның қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

3. Монополияға қарсы орган не оның лауазымды тұлғалары коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын ақпараттарды жария ету нәтижесінде жеке немесе заңды тұлғаға келтірген зиян Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтелуі тиіс.

8-тaraу. Монополияға қарсы органның реттеуші және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылды

43-бап. Монополияға қарсы және реттеуші органдардың өзара іс-қимылды

1. Монополияға қарсы орган оз өкілеттігі шегінде реттеуші органдармен өзара іс - қимылды жүзеге асырады:

1) тауар нарықтарын талдау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне реттеуші органдармен бірлесіп, тауар нарығын реттелетін нарықтарға жатқызу жөнінде, оның ішінде мемлекет реттейтін бағалар енгізу орынды өнімдер, тауарлар және көрсетілетін қызметтер номенклатурасы бойынша ұсыныстар енгізеді;

2) тауар нарығын реттелетін нарықтарға жатқызған кезде тізілім үзіндісін реттеуші органдарға және осы нарықта ұstem немесе монополиялық жағдайға ие нарық сұбъектісіне жібереді;

3) реттеуші органдарға табиғи монополиялар субъектілерінің немесе қызметін реттелетін нарықтарда жүзеге асыратын нарық субъектілерінің Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасын бұзы белгілерінің анықталғаны туралы хабарлайды және ақпарат немесе материалдар береді;

4) реттеуші органдармен бірлесіп, нарық субъектілерінің Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасын бұзының жолын кесу бойынша бірлескен іс-шаралар жүргізуге қатыса алады.

2. Реттеуші органдар өз өкілеттігі шегінде монополияға қарсы органмен өзара іс - қимылды жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне монополияға қарсы органмен бірлесіп, тауар нарығын реттелетін нарықтарға жатқызу жөнінде, оның ішінде мемлекет реттейтін бағалар енгізу орынды өнімдер, тауарлар және көрсетілетін қызметтер номенклатурасы бойынша ұсыныстар енгізеді;

2) монополияға қарсы органға табиғи монополиялар субъектілері немесе қызметін реттелетін нарықтарда жүзеге асыратын нарық субъектілерінің Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзы белгілерінің анықталғаны туралы хабарлайды және ақпарат немесе материалдар береді;

3) монополияға қарсы органмен бірлесіп, нарық субъектілерінің Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзуының жолын кесу бойынша бірлескен іс-шаралар жүргізуге қатыса алады.

44-бап. Монополияға қарсы және құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылды

1. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы органдары өз өкілеттігі шегінде құқық қорғау органдарымен мынадай нысандарда өзара іс-қимылды жүзеге асырады:

1) құқық қорғау органдарына монополияға қарсы құқық бұзушылықтардың анықталған фактілері туралы хабарлайды;

2) тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйі туралы талдамалы акпарат пен мониторинг деректерін ұсынады;

3) өз құзыretі шегінде құқық қорғау органдарының сұрау салуы бойынша зерттеулер, сараптамалар жүргізеді және Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының мәселелері бойынша қорытындылар береді;

4) құқық қорғау органдарының, оның аумақтық бөлімшелері қаулылары мен сұрау салулары бойынша өз қызметкерлерін Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуын тергеу жөніндегі іс жүргізу әрекеттері мен іс-шараларына қатысуы үшін сарапшылар ретінде жібереді.

2. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары өз өкілеттігі шегінде монополияға қарсы органмен мынадай нысандарда өзара іс-қимылды жүзеге асырады:

1) монополияға қарсы органға Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасы саласында анықталған құқық бұзушылықтар туралы хабарлайды;

2) монополияға қарсы орган және оның аумақтық органдарының сұрау салулары мен етініштері бойынша:

Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуын тергеу жөніндегі іс-шараларды жүргізуде монополияға қарсы орган қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін орындауға кедегі келтіретін, құқыққа қайши іс-қимылдардың алдын алу үшін практикалық көмек көрсетуге қызметкерлер бөледі.

Монополияға қарсы органның жазбаша сұрау салуларына сәйкес Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзушылардың орналасқан жерін анықтау және оларды әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін монополияға қарсы органға жеткізу бойынша Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген тәртіппен шаралар қабылдайды.

Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасында көзделген тәртіппен монополияға қарсы орган ұсынатын қылмыстық жазалау белгілері бар бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттер материалдары бойынша қылмыстық іс қозғау туралы шешім қабылдайды, ол туралы монополияға қарсы органды хабардар етеді.

Монополияға қарынан органға Қазақстан Республикасының монополияға қарынан заңнамасын бұзудың дәлелдемелерін жинау және бекітуде практикалық көмек көрсетеді.

4 - Б Ө Л І М .

БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ

9-тaraу. Қазақстан Республикасының монополияға қарынан заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу

45-бап. Қазақстан Республикасының монополияға қарынан заңнамасын бұзушылықтың алдын алу

Қазақстан Республикасының монополияға қарынан заңнамасын бұзушылықтың алдын алу мақсатында монополияға қарынан орган:

1. тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау;
2. экономикалық шоғырлануға бақылау;

3. үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің қызметтеріне мониторинг жүргізеді.

46-бап. Тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдау

1. Тауар нарықтарына талдау жүргізуудің мақсаты бәсекелестік деңгейін айқындау, үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерін анықтау, бәсекелестікті қорғау мен дамытуға бағытталған шаралар кешенін өзірлеу, монополистік қызметтің алдын алу, шектеу және жолын кесу болып табылады.

2. Тауар нарықтарына талдау мемлекеттік статистикалық есептіліктің деректері және мемлекеттік органдар, нарық субъектілері мен олардың бірлестіктері ұсынатын есептіліктің өзге де нысандары негізінде жүргізіледі.

3. Тауар нарығының географиялық шекаралары тұтынушы тауарды немесе бірін-бірі алмастыратын тауарды сатып алған, егер оларды тауар нарығы шекарасынан тысқары жерлерден сатып алу экономикалық, технологиялық және басқа себептер бойынша орынсыз болатын аумақты анықтайды.

4. Тауар нарықтарының шекаралары мынадай өлшемдер:

1) осы аумақта тауар сатып алу мүмкіндігі;
2) көліктік шығындардың тауар құнына қатысты алғанда негізділігі мен өзін ақтайдынығы;

3) тауарды тасымалдау кезінде олардың сапасын, сенімділігі мен басқа тұтынушылық қасиеттерін сактауы;

4) тауарларды сатып алу-сатуға, әкелу-әкетуге шектеулердің (тыйым салулардың) болжауы;

5) өз шегінде тауарларды сату, жеткізу жүзеге асырылатын аумақта бәсекелестікке тең жағдайлардың болуы бойынша тауарларды сатып алудың қолжетімділігі ескеріле отырып, айқындалады.

5. Тиісті тауар нарықтарының шекарасын айқындауды монополияға қарсы орган:
 - 1) тауарлар нарықтарын талдау кезінде;
 - 2) Тізілімді қалыптастыру және жүргізу кезінде;
 - 3) нарық субъектісі және/немесе заңды тұлғалар бірлестігі, жеке тұлға немесе мемлекеттік орган дәлелді өтініш жасаған жағдайда;
 - 4) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзы фактілері анықталған кезде жүзеге асырады.

6. Тауар нарығының көлемі тауарды немесе бірін-бірі алмастыратын тауарларды әкелу мен әкету көлемдерін ескере отырып, нарық субъектілерінің тауарды немесе бірін-бірі алмастыратын тауарларды нарықтың географиялық шекаралары шегінде заттай көрсеткіштерде немесе құн көрсеткіштерінде өткізу сомасы ретінде айқындалады.

Нарық субъектісі өз өнімінің бір бөлігін өз мұқтажына пайдаланған жағдайда, өткізу көлеміне тауар нарығындағы өткізу көлемі ғана қосылады.

7. Нарық субъектісінің тиісті тауар нарығындағы үлесі нарық субъектісінің нарықтың географиялық шекаралары шегінде тауарларды немесе бірін-бірі алмастыратын тауарларды өткізу көлемінің тиісті тауар нарығының жалпы көлеміне қатынасы ретінде айқындалады.

8. Нарық субъектілерінің үлесін анықтау олардың жеткізу көлемінің үлесі жеткізудің жалпы көлемінде сексен бес пайыздан асатын субъектілерінің ақпараты болған кезде мүмкін болады.

9. Бірін-бірі алмастыратын тауарлардың өлшемдерін және оларды сатып алушың қолжетімділігі, тауар нарығының шекараларын, оны талдауды және бәсекелес органдың жай-күйін бағалауды анықтау әдістемесін монополияға қарсы орган Қазақстан Республикасының тауардың ерекшелігі мен экономиканың тиісті саласын реттейтін заңнамасын ескере отырып, уәкілетті органдың келісімі бойынша, ал қаржы үйымдары үшін қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдың келісімі бойынша бекітеді.

10. Нарық субъектілері, олардың бірлестіктері мен басшылары, мемлекеттік органдар, оның ішінде статистика органдары, салық және кеден органдары, олардың лауазымды адамдары монополияға қарсы органдың талап етуі бойынша монополияға қарсы орган өз қызметін жүзеге асыру үшін қажет дәйекті құжаттар, жазбаша және ауызша түсіндірмелер және өзге де ақпарат, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат беруге міндетті.

47-бап. Үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілері қызметінің мониторингі

1. Тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің қызметі мониторингінің мақсаты Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасында көзделген

бұзушылықтарды қоспағанда, үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдаланумен байланысты бұзушылықтарға жол бермеу, анықтау және жолын кесу болып табады.

2. Нарық субъектілері қызметінің мониторингін жүзеге асыру үшін монополияға қарсы орган тізілімді қалыптастырады және жүргізеді.

3. Тізілімге енгізілген нарық субъектілері монополияға қарсы органға мыналарды:

1) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес бірінші жарты жылдықтың қорытындылары бойынша қаржылық есептілікті ағымдағы жылдың 1-тамызына дейін, екінші жарты жылдықтың қорытындылары бойынша келесі жылдың 1-мамырына дейін;

2) өзінің дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің, пайларының) он және одан да көп пайызын сату немесе сенімгерлік басқаруға беру туралы тоқсан сайынғы ақпаратты есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күніне дейін;

3) монополияға қарсы орган белгілейтін нысан бойынша өнімнің монополиялық түрлері бойынша өндіру мен өткізу көлемдері және өткізілетін монополиялық тауарлардың босату бағалары және кірістілік деңгейі туралы тоқсан сайынғы ақпаратты есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күніне дейін беруге міндетті.

48-бап. Экономикалық шоғырлануға мемлекеттік бақылау

1. Үстем не монополиялық жағдайдың пайда болуын немесе күшеюін және (немесе) бәсекелестікті шектеуді болдырмау мақсатында осы Заңның 52-бабында көзделген мәмілелерді (іс-әрекеттерді) жүзеге асыруға монополияға қарсы органның алдын-ала келісімін алу түрінде көрінетін экономикалық шоғырлануға мемлекеттік бақылауды монополияға қарсы орган жүзеге асырады.

2. Экономикалық шоғырлануды жүзеге асыруға ниеттенген нарық субъектілері экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтінішпен монополияға қарсы органға жүгінеді.

3. Егер экономикалық шоғырлану конкурстық рәсімдер (аукциондар, тендерлер, конкурстар) қолданыла отырып жүргізілсе, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, өтініш конкурс рәсімі басталғанға дейін де, одан кейін де, бірақ жеңімпаз жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей, берілуге тиіс.

4. Осы Заңның 49-бабының 1-тармағының 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда тіркеуші орган нарық субъектілерін мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді, сондай-ақ жылжымайтын мүлік және олармен мәміле құқықтарын мемлекеттік тіркеуді монополияға қарсы органның келісімімен жүзеге асырады.

5. Нарық субъектісінің немесе тұлғалар тобының үстем немесе монополиялық жағдайын орнықтыруға немесе күштейтуге және (немесе) бәсекелестікті шектеуге алып келген, монополияға қарсы органның рұқсатынсыз жасалған экономикалық шоғырлануды монополияға қарсы органның талап қоюы бойынша сот жарамсыз деп

т а н у ы

м ұ м к і н .

Осы бап бұзылып жүзеге асырылған нарық субъектілерін, жылжымайтын мүлік және олармен мәміле құқықтарын мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу монополияға қарсы органның талап қоюы бойынша сот тәртібімен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

49-бап. Экономикалық шоғырлану

1 . М ы н а л а р :

1) қосу, біріктіру, не қайта құру жолымен нарық субъектісін қайта ұйымдастыру;

2) тұлғаның (тұлғалар тобының) нарық субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс беретін акцияларды (улестерді, пайларды) иеленуі, сөйтіп осы субъектіде мұндай тұлғаның (тұлғалар тобының) аталған акциялардың (улестердің, пайлардың) жиырма бес пайызына және одан астамына билік етуге құқық алуды, егер осы иеленуге дейін мұндай тұлға (тұлғалар тобы) аталған нарық субъектісінің акцияларына (улестеріне, пайларына) билік етпесе немесе аталған нарық субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс беретін акциялардың (улестердің, пайлардың) жиырма бес пайыздан кеміне

б и л і к е т с е ;

3) егер мәміленің (өзара байланысты мәміленің) нысанасын құрайтын мүліктің теңгерімдік құны мүлікті иеліктен шығаратын немесе біреуге беретін нарық субъектісінің негізгі өндірістік құрал-жабдықтары мен материалдық емес активтері баланстық құнының он пайызынан артық болса, нарық субъектісінің (тұлғалар тобының) нарықтың басқа субъектісінің негізгі өндірістік құрал-жабдықтарын және (немесе) материалдық емес активтерін меншікке алуды, оның ішінде жарғылық капиталды төлеу (беру) есебінен иеленуі және пайдалануы;

4) нарық субъектісінің бір немесе бірнеше мәмілелер нәтижесінде (оның ішінде сенімгерлік басқару туралы шарт, бірлескен қызмет туралы шарт, тапсырма шарты) немесе өзге де тәсілмен нарық субъектісінің кәсіпкерлік қызметін жүргізу жағдайларын анықтауға не оның атқарушы органының функцияларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құқықтар алуды;

5) тәуелсіз директорларды қоспағанда, көрсетілген жеке тұлғалардың осы субъектілердің кәсіпкерлік қызметін жүргізу жағдайларын анықтаған кезде, нарықтың екі және одан да көп субъектілерінің белгілі бір жеке тұлғалардың атқарушы органдарында, директорлар кеңесінде, байқаушы кеңестерінде немесе басқарманың басқа органдарында қатысуы экономикалық шоғырлану деп танылады.

2 . М ы н а л а р :

1) нарық субъектісінің акцияларын (қатысу үлестерін, пайларын) қаржы үйымдарының сатып алуды, егер осы сатып алу, оларды кейін қайта сату мақсатында аталған үйым нарық субъектісінің басқару органдарында дауыс беруге қатыспайтын жағдайда жүзеге асырылатын болса;

2) оқалтушы немесе конкурстық басқарушыны, уақытша әкімшілікті (уақытша әкімшіні)

т а ғ а й ы н д а у ;

3) егер мұндай мәміле тұлғалар тобының ішінде болса, осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәмілелерді жүзеге асыру экономикалық шоғырлану деп танылмайды.

3. Егер сатып алушы, сондай-ақ қайта ұйымдастырылған нарық субъектісінің (тұлғалар тобы) немесе сатып алушы (тұлғалар тобы) активтерінің жиынтық баланстық құны, сондай-ақ оның жарғылық капиталындағы дауыс беру құқығындағы акциялары (қатысу үлестері, пайлары) немесе соңғы қаржы жылында өткізілген тауарлардың жиынтық көлемі айлық есептік көрсеткіштің екі миллион есе мөлшерінен асса немесе мәмілеге қатысушы тұлғалардың бірі тиісті тауар нарығында ұstem немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі болып табылса, осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәмілелерді жүзеге асыруға монополияға қарсы органның алдын ала келісімі талап етіледі.

Егер қаржы ұйымы активтерінің құны не жеке өз капиталының шамасы монополияға қарсы орган қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органмен бірлесіп белгілеген мөлшерден асатын жағдайда да, қаржы ұйымдарының осы түрі үшін қаржы ұйымдары қатысатын экономикалық шоғырлануға рұқсат алу жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Монополияға қарсы орган тиісті тауар нарықтарына талдау жасау негізінде осы тармақта аталған мәмілелерді жүзеге асыруға монополияға қарсы органның алдын ала келісімі қажет нарықтар үшін активтер құны мен тауарлар өткізу көлемінің неғұрлым жоғары мөлшерін белгілеуге құқылды.

5. Тауарларды өткізудің жиынтық көлемі осы баптың 3-тармағына сәйкес экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініш берілген жылдың алдындағы соңғы қаржы жылы үшін қосылған құн салығының және акциздің сомасы шегеріліп, тауарларды өткізуден түскен табыс (ақшалай түсім) сомасы пайдаланылады.

Егер нарық субъектісі қызметін кем дегендे бір жыл жүзеге асырса, тауарларды өткізу көлемі нарық субъектісі жұмыс істеген кезеңге айқындалады.

50-бап. Өтініш беретін тұлғалар

1. Осы Заңның 49-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларда монополияға қарсы органға өтінішті тиісті шешім қабылдайтын тұлға немесе нарық субъектілерінің құрылтайшысы береді.

2. Осы Заңның 49-бабы 1-тармағының 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген экономикалық шоғырлануды жүзеге асыру туралы өтінішті монополияға қарсы органға акцияларды (қатысу үлестерін, пайларды), негізгі өндіріс қурал-жабдықтарын немесе материалдық емес активдерді немесе тиісті құқықтарды алатын тұлға береді.

3. Егер осы Заңның 49-бабының 1-тармағында көрсетілген мәміле тарабы бірнеше тұлғалар болса, онда өтінішті мәмілеге қатысушылардың қалғандары атынан олардың

біреуі беруі мүмкін. Өтініште экономикалық шоғырлану жасау туралы шешімді қабылдаған тұлғалар мұдделерін монополияға қарсы органда ұсынуға уәкілетті адам көрсетіледі.

51-бап. Өтінішті беру тәртібі

1. Өтініш осы Заңның 52-бабында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді қоса бере отырып, монополияға қарсы орган белгілеген нысан бойынша жазбаша түрде құрастырылады.

2. Өтініште көрсетілген мәліметтер және өтінішке қоса берілген құжаттар дұрыс және толық, заңнамада белгіленген тәртіппен куәландырылған, түпнұсқа және түпнұсқа көшірмелері түрінде берілуі тиіс. Өтінішке қол қоятын тұлға өтініште және оның қосымшаларында ұсынылған мәліметтер мен құжаттар көшірмелерінің дұрыстығы мен толықтығын жазбаша растауға тиіс.

3. Өтініш және оған қосымшалар тігілген түрде беріледі және өтініш беруші тұлғаның мөрімен расталады.

Жеке тұлға ұсынған өтініш және оған қосымшалар тігілген түрде беріледі және жеке тұлғаның нотариалды куәландырылған қолымен расталады.

4. Ұсынылып отырған құжаттар мен мәліметтер номірленеді және осы Заңның 52-бабында тармақтары мен тармақшаларының номірлері көрсетіле отырып беріледі. Тармақтың және тармақшаның әрбір мәселесіне толық жауап беріледі.

Толық ақпарат беру мүмкіндігі болмаған жағдайда, экономикалық шоғырлануға қатысушы бағалау ақпаратын, оның бағалау немесе болжамды болып табылатынын көрсете отырып, сондай-ақ оның көздері мен пайдаланылған бағалау мен болжам әдістерін көрсете отырып, ұсынуы қажет.

5. Коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат "коммерциялық құпия" деген міндетті бөлгімен ұсынылады.

6. Өтінішке құжаттар өтінішті беру жылды алдындағы қаржылық жыл үшін, сондай-ақ уақытша кезең көрсетіле отырып, жыл басынан бергі ағымдағы кезең үшін ұсынылады.

Жыл басынан бергі есепті кезең ішінде жасалған мәліметтер мен құжаттар болмаған жағдайда, мәліметтер мен құжаттар өтініш беру жылды алдындағы қаржылық жыл үшін ұсынылуға тиіс.

Егер нарық субъектісі өтініш берілген жылдың алдындағы соңғы қаржы жылданан аз мерзімде жұмыс істеген болса, мәліметтер мен құжаттар қызметтегі жүзеге асыру басталған уақыт үшін ұсынылады.

7. Қазақстан Республикасында тауар өткізу, өндіру көлемдері туралы, нарық субъектісінің (тұлғалар тобының) тауарлар экспорты мен импорты туралы мәліметтер өтініш беру жылды алдындағы екі қаржылық жыл үшін, ағымдағы кезең үшін жыл басынан бастап ұсынылады, сондай-ақ ағымдағы кезеңнен кейінгі үш жылға болжам ұсынылады.

Егер нарық субъектісі қызметін өтініш берген сәтке екі жылдан аз уақытта жүзеге асырған болса, мәліметтер мен құжаттар нарық субъектісінің қызметін жүзеге асыруы басталған уақыт үшін ұсынылады.

8. Егер монополияға қарсы органның шешімі үшінші тұлғалардың осы Заңмен қорғалатын құқықтарын елеулі түрде қозғайтын болса, олар экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтініштерді қарауға қатысуға құқылы.

Экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтініштерді қарауға үшінші тұлғаларды тарту мәселесін монополияға қарсы орган шешеді, ол туралы өтініш берген тұлға хабардар етіледі.

**52-бап. Экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы
өтінішке қоса берілетін құжаттар мен ақпараттар
тізбесі**

1. Осы Заңның 49-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген, монополияға қарсы органға экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішті беру үшін қажет құжаттар мен мәліметтер тізбесі мыналарды:

1) нарық субъектісін қайта үйымдастыру туралы тұлғаның немесе үекілетті орган шешімінің жобасын;

2) қызметіндегі немесе олардың іскерлік операцияларының географиясындағы жоспарланып отырған өзгерістерді қоса алғанда, нарық субъектісін қайта үйымдастыру мақсатының негіздемесін;

3) құрыллатын нарық субъектісінің бекітілген жарғысы мен құрылтай шартын немесе жобасын;

4) құрыллатын нарық субъектісіне өткізілетін мүліктерді өткізу мәліметтері мен шарттары тізбесін;

5) қайта үйымдастырылып отырған нарық субъектісінің әрбірі бойынша, сондай-ақ қайта үйымдастырылып отырған нарық субъектілерімен бір тұлғалар тобына кіретін әрбір нарық субъектісі бойынша мыналар көрсетіледі:

атауы, үйымдық-құқықтық нысан, заңды және нақты мекен-жайы, қатысу нысаны (акционер, концессионер және басқа);

жарғылық капиталының шамасы және қатысу үлесі;

акциялардың түрпattары (қарапайым, басымдықты және басқа);

жеке тұлға үшін паспорт деректері, азаматтығы туралы мәлімет, тұргылықты жері.

6) сондай-ақ атқарушы орган, директорлар кеңесі (байқаушы кеңес) мүшелері болып табылатын лауазымды көрсете отырып, атқарушы орган, директорлар кеңесі (байқаушы кеңес) мүшелерінің тізбесін;

7) қайта үйымдастырылып отырған нарық субъектілері өндіретін және өткізетін Қазақстан Республикасына тауарларды өндіру және өткізу, тауарлар экспорты мен импорттың көлемін;

8) қайта үйымдастырылып отырған нарық субъектілерімен бір тұлғалар тобына

кіретін нарық субъектілері өндіретін және өткізетін сол тауарларды және бірін-бірі алмастыратын Қазақстан Республикасына тауарларды өндіру және өткізу, тауарлар экспорты мен импортының көлемін,

9) осы мәмілені жасау нәтижесінде сол немесе бірін-бірі алмастыратын тауарларды өндіру мен өткізу болжамын қамтиды.

2. Осы Заңның 49-бабы 1-тармағының 2), 4) тармақшаларында көзделген монополияға қарсы органға экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішті беру үшін қажет құжаттар мен мәліметтер тізімі:

1) шарт немесе шарт жобасы;

2) сатып алушы бойынша және сатып алушымен бір тұлғалар тобына кіретін әрбір нарық субъектісі бойынша мыналар:

атауы, үйымдық-құқықтық нысан, заңды және нақты мекен-жайы, қатысу нысаны (акционер, концессионер және басқа);

жарғылық капиталының шамасы және қатысу үлесі;

акциялардың тұрпаттары (қарапайым, басымдықты және басқа); жеке тұлға үшін төлкүжат деректері, азаматтығы туралы мәлімет, тұрғылықты жері;

оған қатысты осы Заңның 49-бабы 1) тармағының 2), 4) тармақшаларында көзделген іс-әрекеттер жасалатын нарық субъектісі өндіретін немесе өткізетін ұксас тауарлар немесе бірін-бірі алмастыратын тауарларды Қазақстан Республикасына өндіру және өткізу, тауарлар экспорты мен импорты көлемі;

3) сондай-ақ атқарушы орган, директорлар кеңесі (байқаушы кеңес) мүшелері болып табылатын лауазымды көрсете отырып, атқарушы орган, директорлар кеңесі (байқаушы кеңес) мүшелерінің тізбесі;

4) оған қатысты осы Заңның 49-бабы 1) тармағының 2), 4) тармақшаларында көзделген іс-әрекеттер жасалатын нарық субъектісі Қазақстан Республикасына тауарлар өндіру және өткізу, экспорты мен импортының көлемі;

5) нарық субъектісінің тікелей немесе жанама бақылауында болатын, оған қатысты осы Заңның 49-бабы 1) тармағының 2), 4) тармақшаларында көзделген іс-әрекеттер жасалатын нарық субъектісі сол тауарларды және бірін-бірі алмастыратын тауарларды Қазақстан Республикасына өндіру және өткізу, экспорт және импорт көлемі;

6) оған қатысты осы Заңның 49-бабы 1)-тармағының 2), 4) тармақшаларында көзделген іс-әрекеттер жасалатын нарық субъектісіне қатысты сатып алушы мәміле жасалғаннан соң алатын құқықтары туралы мәліметтер;

сатып алушы мәміле жасалғаннан соң билік ететін нарық субъектілері акцияларының (қатысу үлестерінің, пайларының) саны және орналастыру бағасы, сондай-ақ олардың нарық субъектісінің жарғылық капиталында дауыс беру құқығы бар акцияларының (қатысу үлестерінің, пайларының) жалпы санынан пайыздық үлесі және олардың нарық субъектісінің жарғылық капиталындағы пайыздық үлесі;

сатып алушы нарық субъектісіне және оның тұлғалар тобына қатысты алатын
құқықтарының тізбесі;

7) осы мәмілені жасау нәтижесінде сол және бірін-бірі алмастыратын тауарларды
өндіру және өткізудің болжамы көрсетіледі.

3. Осы Заңның 49-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген, монополияға
қарсы органға экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішті беру үшін
қажетті құжаттардың тізімі:

1) шарт немесе шарт жобасы;

2) сатып алушы бойынша және сатып алушымен бір тұлғалар тобына кіретін әрбір
нарық субъектісі бойынша мыналар:

атауы, ұйымдық-құқықтық нысан, заңды және нақты мекен-жайы, қатысу нысаны (акционер, концессионер және басқа);

жарғылық капиталының шамасы және қатысу үлесі;

акциялардың тұрпаттары (қарапайым, басымдықты және басқа);

жеке тұлға үшін төлкүжат деректері, азаматтығы туралы мәлімет, тұрғылықты жері;

сатып алынатын мүлікті пайдаланумен жүргізілетін ұқсас тауарлар мен бірін-бірі
алмастыратын тауарларды Қазақстан Республикасына өндіру және өткізу, экспорт және
импорт көлемі;

3) теңгерімдік құнын көрсете отырып, мәміле нысанын құрайтын мүліктің тізбесі;

4) тауарлар тұрлерін көрсете отырып алынатын мүлік қай жылы шыққан, қандай
тауарларды пайдаланды және пайдаланатыны туралы мәліметтер;

5) тауарлар тұрлерін көрсете отырып, алынатын мүлікті пайдаланумен тауарлар
өндіру және өткізудің болжамы;

6) осы мәмілені жасау нәтижесінде сол және бірін-бірі алмастыратын тауарларды
өндіру және өткізу болжамы көрсетіледі.

4. Осы Заңның 49-бабы 1-тармағының 5) тармақшасында көзделген, монополияға
қарсы органға экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішті беру үшін
қажетті құжаттардың тізімі:

1) екі және одан да көп нарық субъектілерінің атқарушы органдарында,
директорлар кеңесінде, байқаушы кеңестерінде және басқарудың басқа да
органдарында қатысуы көзделетін жеке тұлға туралы мәлімет:

төлкүжат деректері, азаматтығы туралы мәліметтер, жұмыс орны, өкілеттіктерін
көрсете отырып, осы субъектілерде кәсіпкерлік қызметті жүргізу талаптарын анықтауға
мүмкіндік беретін нарық субъектілерінде атқаратын лауазымы;

өкілеттіктерін көрсете отырып, өтініш беруші тұлға кәсіпкерлік қызметті жүргізу
талаптарын анықтайтын заңды тұлғалардың тізбесі;

2) өтініш беруші тұлға тағайындалатын немесе сайланатын заңды тұлғаның (тұлғалар
тобының) және басқару органының атауы;

3) өтініш беруші тұлға нарық субъектілерінде атқаруышы органдарына, директорлар кеңесіне, байқаушы кеңестерге және басқарудың басқа да органдарына кіруді жоспарлайтын лауазымның атауы;

4) өтініш беруші тұлғаға атқаруышы органдарына, директорлар кеңесіне, байқаушы кеңестерге және басқарудың басқа органдарына кіруді жоспарлайтын нарық субъектілерінде кәсіпкерлік қызметті жүргізу талаптарын анықтауға мүмкіндік беретін құқықтар тізбесі;

5) өтініш беруші тұлға кәсіпкерлік қызметті жүргізу талаптарын анықтайтын әрбір нарық субъектісі бойынша және тұлғалар тобында:

нарық субъектісінің атауы, ұйымдық-құқықтық нысан, заңды және нақты мекен-жайы;

Қазақстан Республикасына тауарлар өндіру, өткізу, экспорт және импорт көлемі көрсетіледі;

6) өтініш беруші тұлғаның қатысуы жоспарланатын нарық субъектісі бойынша, сондай-ақ осы тұлға кіретін тұлғалар тобы бойынша:

нарық субъектісінің атауы, ұйымдық-құқықтық нысан, заңды және нақты мекен-жайы;

нарық субъектісі мен тұлғалар тобы өндіретін және өткізетін және оларда өтініш беруші тұлға кәсіпкерлік қызметті жүргізу талаптарын анықтайтын Қазақстан Республикасына сол немесе бірін-бірі алмастыратын тауарларды өндіру, өткізу, экспорт және импорт көлемі көрсетіледі.

5. Шетелдік заңды тұлғалар үшін осы бапқа сәйкес ұсынылатын ақпараттан басқа мынадай ақпарат қосымша ұсынылады:

1) ол орналасқан елдің заңдарына сәйкес шыққан елінің сауда тізілімінен немесе оның заңды мәртебесінің балама дәлелдемесінен нотариалды түрде расталған үзінді;

2) егер шетелдік заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында тіркелген филиалы (өкілдігі) болса, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы мәліметтер мен филиал (өкілдік) туралы ереженің көшірмесі;

3) егер шетелдік заңды тұлғаның немесе шетел қатысатын нарық субъектісі - сатып алушының Қазақстан Республикасында филиалы (өкілдігі) болса, онда тауар нарығына филиал (өкілдік) жеткізіп беретін тауарлардың негізгі түрлері қосымша санамаланады.

6. Егер қосымша ақпараттың болмауы өтінішті қарауға кедергі келтіретін болса, монополияға қарсы орган өтініш берушіден және басқа тұлғалардан оны сұратуға құқылы.

Ақпарат ұсыну үшін монополияға қарсы орган белгілейтін мерзім күнтізбелік он күннен кем болмауға тиіс.

53-бап. Экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы
өтініштерді қарау мерзімдері

1. Монополияға қарсы орган өтінішті алған күнінен бастап он жұмыс күнінің ішінде ұсынылған материалдардың толықтығын тексеруге және өтініш беруші тұлғаны өтініштің қарауға алуы туралы немесе алудан бас тартуы туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

2. Экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтінішті қарау мерзімі өтінішті қарауға қабылдаған кезден бастап күнтізбелік елу күннен аспауға тиіс.

3. Экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініштерді қарау мерзімінің етуі мынадай жағдайларда:

1) монополияға қарсы орган немесе сот аталған немесе онымен байланысты басқа өтініш бойынша шешім қабылдағанға дейін өтінішті қарау мүмкін болмаған;

2) монополияға қарсы орган қаралатын өтініш бойынша нарық субъектісінен немесе мемлекеттік органнан қосымша ақпарат сұратуы кезінде тоқтатыла тұрады.

4. Монополияға қарсы орган экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтінішті қарауды тоқтата тұруға себеп болған мән-жайлар жойылғаннан кейін қарауды қайта бастайды. Экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініштерді қарау мерзімінің етуі қарау қайта басталған күннен бастап жалғасады.

5. Монополияға қарсы орган осындай шешім қабылдаған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде өтінішті қарауды тоқтата тұру және қайта бастау туралы өтініш берушіні жазбаша түрде хабардар етуі тиіс.

54-бап. Экономикалық шоғырлануға тыйым салу

1. Егер экономикалық шоғырлану нарық субъектісінің немесе тұлғалар тобының үстем немесе монополиялық жағдайын орнықтыруға немесе күшетуге және (немесе) бәсекелестікті шектеуге алып келетін болса, оған тыйым салынады.

2. Монополияға қарсы орган, егер тиісті мәмілеге қатысуышылар олардың іс-әрекеттерінен болған оң әсер тиісті тауар нарығындағы келеңсіз салдардан асып түсетінін дәлелдесе, сондай-ақ заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда нарық субъектісінің немесе тұлғалар тобының үстем немесе монополиялық жағдайын орнықтыру немесе күшету және (немесе) бәсекелестікті шектеу мүмкін болған жағдайда, экономикалық шоғырлануға келісім беруге құқылы.

55-бап. Экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініш бойынша шешім

1. Экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішті қарау нәтижелері бойынша монополияға қарсы орган мынадай:

1) экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы;

2) дәлелді қорытындысымен экономикалық шоғырлануға тыйым салу туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

2. Монополияға қарсы органның экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы немесе экономикалық шоғырлануға тыйым салу туралы шешімі монополияға қарсы органның актісімен ресімделеді және мұндай шешім қабылданған сәттен бастап үш

жұмыс күні ішінде өтініш берушіге, ал қаржы ұйымдарына қатысты қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға
да жіберіледі.

3. Монополияға қарсы органның экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы шешімі экономикалық шоғырлануға қатысушылардың экономикалық шоғырланудың бәсекелестікке теріс әсерін жоятын немесе жұмсартатын белгілі талаптар мен міндеттемелерді орындауымен байланыстырылуы мүмкін. Мұндай шарттар мен міндеттемелер, атап айтқанда, мүлікті басқару, пайдалану немесе оған билік ету жөніндегі шектеулерге қатысты болуы мүмкін.

4. Егер монополияға қарсы органның шешімінде өзгеше белгіленбесе, экономикалық шоғырлану монополияға қарсы орган экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы шешім қабылдаған күннен бастап бір жыл ішінде жүзеге асырылуы тиіс. Егер экономикалық шоғырлану белгіленген мерзімде жүзеге асырылмаса, экономикалық шоғырлануға қатысушылар экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы жаңа өтініш береді.

5. Монополияға қарсы орган өз бастамасы бойынша немесе мұдделі тұлғаның өтініші бойынша:

1) елеулі мән-жайлар монополияға қарсы органға белгілі болмаған және белгілі болуы мүмкін болмаған, мұның өзі заңсыз немесе негіzsіз шешімдер қабылдауға алып келген;

2) шешім дәйексіз ақпарат негіzінде қабылданып, бұл заңсыз немесе негіzsіз шешім қабылдауға алып келген;

3) экономикалық шоғырланудың қатысушылары талаптар мен міндеттемелерді орындамай, монополияға қарсы органның шешімі осыларға байланысты болған жағдайларда экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы немесе экономикалық шоғырлануға тыйым салу туралы шешімін қайта қарауы мүмкін.

6. Шешімді қайта қарау нәтижелері бойынша монополияға қарсы орган:

- 1) шешімді өзгеріссіз қалдырады;
- 2) шешімді өзгертеді;
- 3) шешімнің күшін жояды;
- 4) жаңа шешім қабылдайды.

7. Шешімді қайта қарау нәтижелері бойынша монополияға қарсы орган экономикалық шоғырлануға берілген рұқсаттың күшін жою туралы шешім қабылдаған жағдайда, экономикалық шоғырлану нәтижесінде құрылған нарық субъектісін мемлекеттік тіркеу монополияға қарсы органның талап қоюы бойынша сот тәртібімен жаралысыздеп танылады.

8. Монополияға қарсы орган бұрын қабылдаған шешімді өзгерте алатын қосымша ақпарат пен құжаттарды қарау үшін өтініш беруші осы Занда белгіленген тәртіппен өтініш береді.

9. Монополияға қарсы органның экономикалық шоғырлануға бұрын қабылданған шешімін қайта қарау жөніндегі шешімі монополияға қарсы органның актісімен ресімделеді және мұндай шешім қабылданған сэттен бастап үш жұмыс күні ішінде мұдделі тұлғаға жіберіледі.

56-бап. Экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініштерді қарауды тоқтату негіздері

1. Экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініштерді қарау:

1) өтініш берушілерден өтініштерін кері қайтарып алу туралы хабарлама түскен;

2) егер ақпараттың болмауы өтінішті қарауға кедергі келтіретін болса, өтініш беруші мұндай ақпаратты монополияға қарсы орган белгілеген мерзімде бермеген;

3) өтініш беруші өтінішті объективті қарауға әсер ететін дәйексіз ақпарат берген жағдайларда

тоқтатылады.

2. Монополияға қарсы органның өтінішті қарауды тоқтату туралы шешімі монополияға қарсы органның актісімен ресімделеді және мұндай шешім қабылданған сэттен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш беруші тұлғаға жіберіледі.

3. Өтінішті қарау тоқтатылғаннан кейін өтініш беруші монополияға қарсы органға экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы жаңа өтініш беруге құқылы.

10-тaraу. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуын анықтау

57-бап. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуына тергеуді бастау үшін негіздер

1. Монополияға қарсы орган өз өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуын тергейді, тергеу нәтижелері бойынша шешімдер

қабылдауды.

2. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуы туралы мәліметтердің монополияға қарсы органға келіп түсіі тергеуді бастау үшін негіз болып табылады,

олар:

1) мемлекеттік органдардан Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуын көрсете отырып, келіп түскен материалдар;

2) заңды немесе жеке тұлғаның өтініші;

3) монополияға қарсы органның өз қызметін жүзеге асыру кезінде нарық субъектілерінің іс-әрекеттерінен Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылу белгілерін анықтауы;

4) бұқаралық ақпарат құралдарының монополияға қарсы органға өтініші болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуы туралы

мәліметтерді қараудың басталуы бүйрықпен ресімделеді.

4. Қараудың басталуы туралы бүйрықтың көшірмесі қол қойылған күнінен бастап үш күннен кешіктірілмей өтініш берушіге жіберіледі.

58-бап. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуы туралы мәліметтерді қарау

1. Монополияға қарсы орган Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуы туралы мәліметтерді келіп түсken күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде қарайды. Монополияға қарсы органға Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылу белгілерінің болуы туралы немесе болмауы туралы шешім шығаруға мүмкіндік беретін дәлелдемелердің жеткізіліксіздігі немесе жоқ болуы жағдайында монополияға қарсы орган қосымша дәлелдемелер жинау мен талдау үшін қарау мерзімін бір айдан аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы. Монополияға қарсы орган өтініш пен материалдарды қарау мерзімін ұзарту туралы өтініш берушіні жазбаша түрде хабардар етеді.

2. Монополияға қарсы орган бұзушылықтар туралы мәліметтерді қарау барысында жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан ақпарат пен құжаттарды жазбаша немесе ауызша нысанда сұратуға құқылы.

Жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттік органдар сұратылған ақпарат пен құжаттарды беруге міндетті.

3. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуы туралы мәліметтерді қарау тапсырылған монополияға қарсы органның лауазымды адамы қарау нәтижелері бойынша қарау қорытындысы жөнінде мынадай шешімдердің біреуін қабылдау туралы :

1) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуына тергеу жүргізу туралы ;

2) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуына тергеу жүргізуден бас тарту туралы қорытынды дайындейды.

4. Бұзушылықтар туралы мәліметтерді қарау нәтижелері туралы қорытындыны монополияға қарсы органның басшылығы бекітеді. Қорытынды көшірмесі бекітілген күннен бастап үш күн ішінде өтініш берушіге жіберіледі, ал тергеу жүргізу туралы шешім қабылданған жағдайда тергеу объектісіне де жіберіледі.

5. Бұзушылықтар туралы мәліметтерді қарау нәтижелері туралы қорытындыға мүдделі тарап бір ай ішінде Монополияға қарсы орган басқармасына шағымдануы мүмкін, оның шешімі Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдалуы мүмкін.

59-бап. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуын тергеу туралы іске қатысушы адамдар

1 . М ы н а л а р :

1) өтініш беруші - Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуы туралы мәліметтерді монополияға қарсы органға жіберген жеке немесе заңды тұлға ;

2) тергеу объектісі - іс-әрекетіне қатысты тергеу жүргізілетін жеке немесе заңды тұлға. Көрсетілген тұлғалар тергеу жүргізу туралы бұйрық шығарылған сәтten бастап тергеу объектісі болып танылады;

3) мұдделі тұлғалар - Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуы туралы істі қараумен байланысты құқықтары мен заңды мұдделері қозғалатын адамдар ;

4) монополияға қарсы органныңлауазымды адамы - монополияға қарсы органның тергеу жүргізуге уәкілеттігі қызметкері;

5) куә - тергеу үшін маңызы бар қандай да бір мән-жайлар белгілі болуы мүмкін кез келген жеке тұлға ;

6) сарапшы - арналы ғылыми немесе практикалық білімі бар, іске қатысуға мұдделі емес жеке тұлға Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуын тергеуге қатысушы тұлғалар болып табылады.

2. Тергеу жүргізу кезінде іске қатысушы адамдар өз құқықтары мен міндеттерін өз бетінше немесе өкіл арқылы жүзеге асыруға құқылы.

3. Егер тергеу барысында Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзу белгілері тергеу объектісінде емес, өзге адамның іс-әрекетінде (әрекетсіздігінде) анықталса, монополияға қарсы орган мұндай адамды осы Заңның 57-бабында көзделген тәртіппен тергеу объектісі ретінде тартады.

60-бап. Тергеу жүргізу

1. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуына тергеу жүргізу туралы бекітілген қорытынды негізінде монополияға қарсы орган тергеу жүргізу туралы бұйрық шығарады .

2. Тергеу жүргізу туралы бұйрықта мыналар:

1) тергеу объектісінің атауы;

2) тергеу барысында анықтауға жататын мәселелер тізбесі және мән-жайлар тобы;

3) тергеудің басталу және аяқталу мерзімі;

4) тергеу жүргізуге уәкілетті, монополияға қарсы органныңлауазымды адамдарының тегі, аты және әкесінің аты болуға тиіс.

3. Тергеудің басталуы туралы ақпарат монополияға қарсы органның веб-сайтында орналастырылады .

4. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуына тергеу жүргізу туралы бұйрық шығарылған күннен бастап екі айдан аспайтын мерзімде Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуына тергеу жүргізіледі. Исті тергеуді монополияға қарсы орган екі айдан аспайтын мерзімге

ұзартуы мүмкін. Мерзімді ұзарту туралы қаулы шығарылады, қаулының көшірмесі қабылданған күннен бастап үш күн ішінде өтініш берушіге және тергеу объектісіне жіберіледі.

5. Монополияға қарсы орган тергеу барысында бірнеше тергеуді біреуіне біріктіру туралы немесе бөліп алу және жеке тергеу жүргізу туралы шешім қабылдай алады.

61-бап. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуына тергеу жүргізу кезіндегі дәлелдемелер

1. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылу фактілерінің дәлелдемелері тергеуді дұрыс жүргізу үшін маңызы бар кез келген нақты деректер, оның ішінде:

1) өтініш берушінің, тергеу объектісінің, мүдделі тұлғалардың және куәлардың түсініктемелері;

- 2) сарапшылар қорытындылары;
3) заттай айғақтар;

4) өзге де құжаттар (оның ішінде компьютерлік ақпараттан тұратын материалдар, фото және кино түсірілімдері, дыбыс және бейне жазбалар) болуы мүмкін.

2. Дәлелдемелерді жинауды монополияға қарсы органның лауазымды адамы жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуын тергеуге қатысушы адамдар дәлелдемелер ұсынуға және олардың дұрыстығын дәлелдеуге құқылы.

62-бап. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуын тергеуге қатысушы адамдардың құқықтары

Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуын тергеуге қатысушы адамдар:

1) іс материалдарымен танысуға, олардан үзінділер жазып алуға және көшірмелерін түсіруге;

- 2) дәлелдеме табыс етуге және оларды зерттеуге қатысуға;
3) іске қатысушы басқа адамдарға сұрақтар қоюға;
4) сарапшыларды тарту туралы өтініш жасауға;

5) жазбаша немесе ауызша нысанда түсініктемелер беруге, тергеу барысында туындастын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдерін келтіруге;

6) іске қатысушы басқа тұлғалардың өтініштерімен танысуға, іске қатысушы басқа тұлғалардың өтініштеріне, дәлелдеріне қарсылық білдіруге құқығы бар.

63-бап. Монополияға қарсы органның лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттері

1. Монополияға қарсы органның лауазымды адамдары тергеу жүргізген кезде:
 - 1) тергеу объектісінің аумағына және үй-жайына кедергісіз кіруге;
 - 2) тергеу нысанасына сәйкес тергеу объектісінің автоматтандырылған деректер базасына (ақпараттық жүйелеріне) қол жеткізуге;
 - 3) тергеу объектісінің басшыларынан, лауазымды адамдарынан және басқа да қызметкерлерінен тергеу нысанасына қатысты қажетті ақпарат, құжаттар немесе олардың көшірмелерін, тексеру барысында туындаған мәселелер бойынша ауызша және жазбаша түрде түсініктер сұратуға және алуға;
 - 4) тергеу жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік органдарының мамандарын сарапшылар ретінде тартуға құқылы.
2. Тергеу объектісінің басшысы және (немесе) лауазымды адамы монополияға қарсы органның тергеу жүргізуге жауапты лауазымы адамның ауызша сауалы бойынша ақпарат, құжаттарды немесе олардың көшірмелерін, сондай-ақ жазбаша немесе ауызша түсініктер беруден бас тартқан жағдайда оларға тиісінше жазбаша сауал табыс етіледі. Жазбаша сауалды субъект басшысына тапсыру мүмкін болмаған жағдайда сауал субъект басшысының атына хабарлама берілетін тапсырыс хатпен пошта байланысы арқылы жіберіледі.

3. Сұратылатын ақпаратты тергеу объектісінің коммерциялық құпиясына жатқызу тергеуді жүзеге асыратын монополияға қарсы органның лауазымды адамдарына ақпарат беруден бас тарту үшін негіз бола алмайды.

Монополияға қарсы органның лауазымды адамдары көрсетілген ақпаратты пайдалануды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын ақпаратты жария етуге қойылатын талаптарды сактай отырып, жүзеге асыруы тиіс.

4. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ақпаратты басқа мемлекеттік органға беру жағдайларын қоспағанда, тергеу барысында тергеу объектісі туралы алған монополияға қарсы органның кез келген ақпарат таратылмауға тиіс.

5. Тергеуді жүзеге асыратын монополияға қарсы органның лауазымды адамдарына тергеу нысанасына қатысы жоқ талаптар қоюға және өтініштер жасауға тыйым салынады.

6. Монополияға қарсы органның лауазымды адамдары:
 - 1) жан-жақты, толық және объективті дәлелдеме жинауға және оларды зерттеуге барлық шараларды қабылдауға;
 - 2) бұзушылықтар туралы мәліметтерді қарау нәтижелері туралы және бұзушылықтарды тергеу нәтижелері бойынша тергеуді тоқтата тұру мен тоқтату туралы шешімді уақтылы әзірлеуғе;
 - 3) қорытынды бекітілген не аумақтық бөлімшелер бұзушылықтар туралы

мәліметтерді қарау және бұзушылықтарды тергеу туралы бұйрықтарға қол қойған күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде осы құжаттардың көшірмелерін орталық мемлекеттік органдарға жіберуге міндettі.

64-бап. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуы туралы істі тергеуді тоқтата тұру

1. Монополияға қарсы орган мынадай:

1) монополияға қарсы орган, сот, алдын ала тергеу органы Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуын тергеу үшін маңызы бар басқа істі қаралған;

2) тергеу субъектісіне қатысты Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуына тергеу жүргізген;

3) сараптама жүргізген жағдайларда Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуын тергеуді тоқтата тұруға құқылы.

2. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзушылық туралы істі тергеу мерзімінің етуі істі тергеу тоқтатылған кезде үзіледі және істі тергеуді қайта басталған күннен бастап жалғасады.

3. Тергеуді тоқтата тұру және қайта бастау туралы, сондай-ақ сараптама тағайындау туралы монополияға қарсы орган ұйғарым шығарады, оның көшірмесі ол шығарылған күннен бастап үш күн ішінде адамдарға, іске қатысушы адамдарға жіберіледі. Сараптама тағайындау туралы ұйғарымның көшірмесі сондай-ақ осындан анықтама шығарылған күннен бастап үш күндік мерзімде сарапшыға жіберіледі.

65-бап. Монополияға қарсы заңнаманың бұзылуын тергеуді тоқтату

Монополияға қарсы орган мынадай:

1) тергеу объектісінің іс-әрекетінде Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзушылықтың болмауы;

2) іс бойынша тергеудің жалғыз субъекті - заңды тұлғаны тарату;

3) іс бойынша жалғыз субъекті - жеке тұлғаның өлімі;

4) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында белгіленген ескіру мерзімнің етуі;

5) монополияға қарсы орган қарайтын іс-әрекетте (әрекетсіздікте) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзушылықтың болуы туралы немесе болмауы туралы қорытындысы бар заңды күшіне енген сот актісінің болуы жағдайларында Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзушылықты тергеуді тоқтатады.

66-бап. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуын тергеу нәтижелері бойынша монополияға қарсы органдың шешімдері

1. Қазақстан Республикасының монополияға қарынша заңнамасының бұзылуын тергеу нәтижелері бойынша монополияға қарынша орган мынадай:

1) осы Заңдың 65-бабында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының монополияға қарынша заңнамасының бұзылуын тергеуді тоқтату туралы;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы;

3) Қазақстан Республикасының монополияға қарынша заңнамасының бұзылуын жою туралы нұсқама шығару туралы;

4) қылмыстық іс қозғау үшін материалдарды құқық қорғау органдарына беру туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

2. Қазақстан Республикасының монополияға қарынша заңнамасының бұзылуын тергеу нәтижелері бойынша, монополияға қарынша органдың лауазымды адамы қол қойған қорытындыны басшылыққа бекітуге енгізген күн тергеудің аяқталуы болып есептеледі.

3. Қазақстан Республикасының монополияға қарынша заңнамасының бұзылуын тергеу нәтижелері туралы қорытындыны бекіту тергеу аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде бұйрықпен ресімделеді.

4. Тергеу нәтижелері бойынша қорытындыны бекіту туралы бұйрықтың көшірмесі қол қойылған күннен бастап үш күннен кешіктірмей, тергеу нәтижелері бойынша қорытынды қоса беріле отырып, тергеу объектісіне тапсырылады немесе хабарлама берілетін тапсырыс хатпен жіберіледі. Өтінім беруші сол мерзімдерде қабылданған шешім туралы хабардар етіледі.

5. Тергеу нәтижелері бойынша қорытындыны бекіту туралы бұйрыққа қол қойылған (шешім қабылданған) күн әкімшілік құқық бұзушылықты жасау фактілерін анықтау сәті болып саналады.

11-тарау. Қазақстан Республикасының монополияға қарынша заңнамасын бұзушылықтардың жолын кесу және монополияға қарынша органдың нұсқамаларын қайта қарау

67-бап. Монополиялық кірісті анықтаудың негіздері және тәртібі

1. Нарық субъектісі мынадай:

1) нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарынша келісімдерді немесе келісілген іс-әрекеттерді жасаған;

2) нарық субъектісінің өзінің үстем жағдайын теріс пайдаланған жағдайларда монополиялық кірісті алуды мүмкін.

2. Монополиялық кіріс нарық субъектісінің, мемлекеттік органдың осы баптың 1-тармағында көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асырған кезден бастап нарық субъектісі, мемлекеттік орган аталған іс-әрекеттерді тоқтатқан кезге дейін айқындалады.

3. Монополиялық кіріс:

1) ұстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісінің монополиялық жоғары бағаны - монополиялық жоғары бағаны қолдану кезінде алынған кіріс пен осы Заңдың 14-бабының ережелеріне сәйкес айқындалған бәсеке бағасы негізінде есептелген кіріс арасындағы айырмашылық ретінде белгілеген;

2) ұстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісінің монополиялық төмен бағаны - ұстем жағдайға ие нарық субъектісінің тауар нарығынан бәсекелестерді жою арқылы өткізу көлемін ұлғайту нәтижесінде алған қосымша табысы ретінде белгілекен;

3) монопсониялық жағдайға ие нарық субъектісінің монопсониялық төмен бағаны - тауарды өткізуши нарық субъектісінің осындай тауарды өндіру мен өткізуге қажетті шығындар мен кіріс және шығыстар негізінде, тауарларды монопсониялық төмен бағалар бойынша сатып алу кезінде қалыптасқан баға бойынша осы нарық субъектісінің тауарды сатып алу шығындары арасындағы айырмашылық ретінде белгілекен;

4) осы іс-әрекеттерден алынған барлық кіріс ретінде нарық субъектісінің бәсекелестікке қарсы келісімдерді немесе келісілген іс-әрекеттерді қайта жасауды көзінде айқындалады.

4. Монополиялық кірісті алып қою Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

68-бап. Монополияға қарсы дең қою шаралары

1. Белгіленген өкілеттіктерге сәйкес монополияға қарсы орган:

1) нарық субъектілеріне:

осы Заңды бұзуды тоқтату және (немесе) олардың салдарын жою;

бастапқы жағдайды қалпына келтіру;

осы Заңға қайши келетін шарттарды бұзу немесе өзгерту;

нарықтың басқа субъектісімен шарт жасасу туралы орындалуға міндетті нұсқамалар беруге;

2) мемлекеттік органдарға өздері қабылдаған актілерді жою немесе өзгерту туралы, бұзушылықтарды тоқтату, сондай-ақ осы Заңға қайши өздері жасаған келісімдерді бұзу немесе өзгерту туралы орындалуға міндетті нұсқамалар беруге;

3) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік жазалар қолдануға;

4) сотқа талап қойып және арыз айтып жүгінуге, сондай-ақ соттар Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының қолданылуы мен бұзылуына байланысты істерді қараған кезде процестерге қатысуға құқылды.

2. Нарық субъектілері, мемлекеттік органдар осы Заңды бұзған кезде:

1) монополияға қарсы органның нұсқамаларына сәйкес бұзушылықтарды тоқтатуға

және оның салдарын жоюға, бастапқы жағдайды қалпына келтіруге, шартты бұзуға, нарық басқа субъектісімен шарт жасасуға немесе оған өзгерістер енгізуге, монополияға қарсы орган Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасына сәйкес келмейді деп таныған актінің күшін жоюға, нұсқамада көзделген өзге де іс-әрекеттерді орындауға ;

2) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес келтірілген шығынды өтеге ;

3) монополияға қарсы органның Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысын орындауға міндетті .

3. Нұсқама монополияға қарсы орган белгілеген мерзімде орындауға жатады. Монополияға қарсы орган берілген нұсқамалардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады .

Нұсқама орындалмаған жағдайда монополияға қарсы орган нарық субъектісін, мемлекеттік органды монополияға қарсы органның нұсқамасын орындауға мәжбүрлеу туралы талап қойып, сотқа жүгінуге құқылы.

69-бап. Нұсқаманы ресімдеуге қойылатын талаптар

Нұсқама монополияға қарсы органның қатаң есептілік бланкісінде ресімделеді және мыйналарды :

1) нұсқаманы жасауға қатысты нарық субъектісінің немесе мемлекеттік органның аттауын ;

2) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзудың белгіленген фактісінің (фактілерінің), сондай-ақ нарық субъектісі немесе мемлекеттік орган бұзған құқық нормаларының сипатын;

3) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзушылықты жоушін (немесе оны (оларды) жасаудан ол қалыс қалуға тиіс) нарық субъектісі немесе мемлекеттік орган жасауға тиіс іс-әрекетті;

4) нұсқаманы орындау мерзімін;

5) нұсқаманы орындау туралы ақпаратты ұсыну мерзімін;

6) нұсқамаға қол қоюға өкілеттік берілген адамның қолын;

7) монополияға қарсы органның елтаңбалық мөрін қамтуға тиіс.

70-бап. Монополияға қарсы органның нұсқамаларын қайта қарая

1. Монополияға қарсы орган өз бастамасы бойынша не мүдделі тұлғаның өтініші бойынша :

1) елеулі мән-жайлар монополияға қарсы органға белгілі болмаған және белгілі болуы мүмкін болмаған, мұның өзі заңсыз немесе негізсіз нұсқамалар қабылдауға алып келгенн ;

2) нұсқама дәйексіз ақпарат негізінде қабылданып, бұл заңсыз немесе негізсіз

нұсқама

қабылдауға

алып

келген;

3) нұсқама Қазақстан Республикасының заңнама нормаларын бұзумен қабылданған;

4) нұсқамада жіберілген қателер мен нақ арифметикалық қателерді түзеткен жағдайларда (өзінің немесе аумақтық бөлімшесінің) нұсқамасын қайта қаруы мүмкін.

Нұсқама қабылдаған монополияға қарсы орган нұсқаманың орындалуын оны қайта қару аяқталғанға дейін тоқтата тұруы мүмкін, бұл туралы іске қатысушы тұлғаларға жазбаша хабарланады.

2. Қайта қару нәтижелері бойынша монополияға қарсы орган:

- 1) нұсқаманы өзгеріссіз қалдыруы;
- 2) нұсқаманы өзгертуі;
- 3) нұсқаманы жоюы;

4) жаңа нұсқама қабылдауы мүмкін.

71-бап. Монополияға қарсы органның аумақтық бөлімшелерінің нұсқамаларын тексеру

Монополияға қарсы органның аумақтық бөлімшелері қабылдаған нұсқамалар мүдделі тұлғалардың өтініштері бойынша немесе монополияға қарсы органның өз бастамасы бойынша өзі белгілеген тәртіппен тексерілуі мүмкін.

72-бап. Монополияға қарсы органның нұсқамаларына шағымдану

1. Монополияға қарсы органның нұсқамаларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасалуы мүмкін.

2. Аумақтық бөлімшелердің нұсқамаларына монополияға қарсы органға шағым жасау үшін:

- 1) іс үшін маңызы бар мән-жайлардың толық анықталмауы;
- 2) іс үшін маңызы бар және анықталған деп танылған мән-жайлардың дәлелденбен бедендейтігі;
- 3) шешімде жазылған қорытындылардың істің мән-жайларына сәйкес келмеуі;
- 4) Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзу немесе дұрыс қолданбау негіз болып табылады.

3. Монополияға қарсы органның аумақтық бөлімшесінің нұсқамасына нарық субъектісі өзіне тапсырылған қүннен бастап үш айдың ішінде монополияға қарсы органға не сотқа Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауды мүмкін.

73-бап. Үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдаланған немесе бәсекелестікті шектеген жағдайларда мәжбүрлеп бөлу немесе бөліп шығару

1. Егер үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі осы заңның 10, 11 және 13-баптарында көзделген бұзушылықтар үшін бір күнтізбелік жылдың ішінде

екі рет әкімшілік жауапкершілікке тартылса, және бәсекелестікті шектейтін іс-әрекеттерді жасауды жалғастырса, монополияға қарсы орган осы нарық субъектісін мәжбүрлеп бөлу немесе оның құрамынан құрылымдық бөлімшелері базасында бір немесе бірнеше заңды тұлғаларды бөліп шығару туралы талап қойып сотқа жүгінуге құқылды.

2. Сот, егер жиынтығында мынадай:

1) құрылымдық бөлімшелердің технологиялық негізделген өзара байланысының болжамауы;

2) тиісті тауар нарығында қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған заңды тұлғалар үшін өз бетінше қызмет жасау мүмкіндігі болған талаптар орындалса, бәсекелестікті дамыту мақсатында мәжбүрлеп бөлу немесе бөліп шығару туралы шешім

қабылдауды.

3. Мәжбүрлеп бөлу немесе бөліп шығару туралы сот шешімі көрсетілген шешімде көзделген талаптарды ескере отырып, меншік иесінің немесе оның уәкілетті органының орындауына жатады.

12-тарау. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

74-бап. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

75-бап. Монополиялық кірісті тәркілеуден босату

1. Монополияға қарсы орган жиынтығында мынадай:

1) нарық субъектісі бәсекелестікке қарсы келісімдер немесе келісілген іс-әрекеттер туралы монополияға қарсы органға мәлімдеген кезде, монополиялық орган басқа көздерден осы бәсекелестікке қарсы келісімдер немесе келісілген іс-әрекеттер туралы ақпарат алмаған;

2) нарық субъектісі бәсекелестікке қарсы келісімдерге немесе келісілген іс-әрекеттерге өзінің қатысуын тоқтату жөнінде шаралар қабылдаған;

3) нарық субъектісі бүкіл тергеу бойында бәсекелестікке қарсы келісімдер немесе келісілген іс-әрекеттер фактілері туралы бар ақпаратты хабарлаған;

4) нарық субъектісінің бәсекелестікке қарсы келісімдер немесе келісілген іс-әрекеттерді жасау нәтижесінде тұтынушыларға келтірілген залалдарды ерікті өтөу талаптарын сақтаған кезде нарық субъектілерін бәсекелестікке қарсы келісімдер немесе келісілген іс-әрекеттер жасау нәтижесінде алынған монополиялық кірісті тәркілеуден босату туралы сот органдарына өтініш беруге, бастамашы болуға құқылы.

2. Шын өкінуіне байланысты нарық субъектісінің монополиялық кірісін тәркілеуден босату туралы шешімді сот Қазақстан Республикасының қылмыстық және әкімшілік заңнамасының нормаларына сәйкес қабылдайды.

5 - БӨЛІМ .

Қорытынды және өтпелі ережелер

13-тарау. Өтпелі ережелер

76-бап. Жұмыс істеп тұрған мемлекеттік кәсіпорындардың қызметі

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі құрғандарды қоспағанда, осы заңды қолданысқа енгізгенге дейін құрылған мемлекеттік кәсіпорындар оны қолданысқа енгізу күнінен бастап екі жыл ішінде тиісті тауар нарығындағы өзінің одан арғы қызметіне Монополияға қарсы органның оң қорытындысын алуға міндетті.

2. Монополияға қарсы орган осы мерзімде мемлекеттік кәсіпорындар жұмыс істейтін барлық тауар нарықтарын тексеруге және осы нарықтардағы бәсекелестіктің даму деңгейі, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорынның осы тауар нарығындағы одан арғы қызметінің орындылығы, оның ішінде қандай да бір тауарды өндіруге немесе сатуға немесе оларды пайдалануға мемлекеттің айрықша құқығын іске асыру туралы тиісті қорытындылар дайындауға міндетті.

3. Осы Заңды қолданысқа енгізгенге дейін құрылған және осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзім ішінде өзінің одан арғы қызметіне монополияға қарсы органның оң қорытындысын алмаған мемлекеттік кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы мерзім өткеннен кейін үш ай ішінде жекешелендірілуі немесе мемлекеттік мекеме болып қайта құрылуға тиіс.

77-бап. Акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі жұмыс істеп тұрған заңды тұлғаның аффилиирленген тұлғаларының қызметі

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі құрғандарды қоспағанда немесе мұндай құру Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген болса, осы Заңды қолданысқа енгізгенге дейін құрылған, акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның аффилиирленген тұлғалары осы Заңды қолданысқа енгізу күнінен бастап үш жыл ішінде тиісті тауар нарығындағы өзінің одан арғы қызметіне Монополияға қарсы органның оң қорытындысын алуға міндетті.

2. Монополияға қарсы орган осы мерзімде осы нарық субъектілері жұмыс істейтін тауар нарықтарын тексеруге және осы нарықтардағы бәсекелестіктің даму деңгейі, оның ішінде шаруашылық жүргізуші серіктестік немесе акционерлік қоғам атынан осы нарықта мемлекеттің одан әрі қатысуының орындылығы туралы тиісті қорытынды дайындауға міндетті.

3. Осы Заңды қолданысқа енгізгенге дейін құрылған және тиісті саладағы өзінің одан әрі қызметіне монополияға қарсы органның оң қорытындысын алмаған, акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның аффилиирленген тұлғалары осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін үш ай ішінде сауда-саттыққа шығарылуға тиіс. Осы нарық субъектілерінің

акцияларын (үлестерін) сатуды акцияларының (үлестерінің) жиырма бес пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды қоспағанда, заңды тұлғалар жүзеге асырады.

78-бап. Монополияға қарсы органның басқармасы

Монополияға қарсы орган басқармасының бірінші құрамы және ол туралы ереже осы Заң қолданысқа енгізілгеннен кейін үш айдан кешіктірілмей бекітіледі.

Басқарманың құрамы мен ол туралы ереже бекітілгенге дейін Басқарманың өкілеттіктерін монополияға қарсы орган жүзеге асырады.

14-тaraу. Қорытынды өрежелер

79-бап. Осы Заңды қолдану тәртібі

Осы Заң, осы Заңның 76 және 77-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, оны қолданысқа енгізгеннен кейін туындаған қоғамдық қатынастарға қолданылады. Осы Заңды қолданысқа енгізгенге дейін туындаған қатынастарға осы Заңға қайшы келмейтін бөлікте оны қолданысқа енгізгеннен кейін сақталатын құқықтар мен міндеттерге қолданылады.

80-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізуіндің тәртібі

1. Осы Заң 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.
2. Осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап мыналардың күші жойылды деп та на л с ы н :

1) "Жосықсыз бәсеке туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 маусымдағы Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 9-10 , 84-құжат; 2000 ж., N 21, 397-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 15 , 95 - құжат) ;

2) "Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 15, 94-құжат; 2007 ж., N 19, 148-құжат).

Қазақстан Республикасының

Президенті